

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №43 (6721) 15 мамыр, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz



САНДЫҚ САНА

Білім саласына жасанды интеллектті енгізудің стратегиялық маңызы қандай?

2

БАУЫРЛАСТЫҚ БЕКЕМДЕЛДІ

Мемлекет басшысы Түркия Президентін Қожа Ahmet Yasaui орденімен марапаттады

Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоған Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Мәртебелі мейманды елорда әуежайынан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қарсы алды. Еліміздің шекарасына енген сәттен Астана әуежайына дейін Түркия Президентінің бортына Қазақстан Республикасы Әуе қорғанысы күштерінің ұшақтары қапталдаса ұшты. Кейін Тәуелсіздік сарайында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

4



ТҰРҒЫН ҮЙ

«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ»

бағдарламасына өтінім қабылдау басталады

Алматы жастарына арналған жеңілдетілген тұрғын үй несиесін ұсынатын «Алматы жастары» бағдарламасы бойынша өтінім қабылдау биыл 1–15 маусым аралығында өтеді. Ақпаратты қалалық Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту және тұрғын үй инспекциясы басқармасының өкілдері хабарлады.




Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Өтінімді kezekte.kz порталындағы «Тұрғын үй сервистері» бөлімінде орналасқан «Almaty Jastary» сервисі арқылы 1 маусым, сағат 09.00-ден 15 маусым, сағат 18.00-ге дейін жолдауға болады. Жүйеге кіру үшін электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет. Жобаға Алматы қаласында тұратын 35 жасқа дейінгі жастар қатыса алады.

Бағдарлама денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт салаларының қызметкерлеріне, ЖОО мен ғылыми-зерттеу институттарының мамандарына, журналистерге, әлеуметтік сала өкілдеріне, құқық қорғау органдары мен коммуналдық қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ «Жұмыс істейтін жастар» бағдарламасының жалға алушыларына арналған.

Толық ақпаратты kezekte.kz сайтындағы «Тұрғын үй сервистері» бөлімінен табуға болады. Байланыс телефоны: +7 (727) 225-14-57.



БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

www.aqshamnews.kz





САРАПТАМА

САНДЫҚ САНА

Білім саласына жасанды интеллектті енгізудің стратегиялық маңызы қандай?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 12 мамырда орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектті ендіру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл Жарлық адами капиталды дамытудың негізгі бөлігі – инновациялық білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталған Қазақстанның стратегиялық қадамы болып саналады.



Әлем көшіне бет бұру

Соңғы 10–15 жыл әлем түбегейлі өзгеріс кезеңіне бет бұрды. Геосаяси және геозкономикалық текетірес, климаттың өзгерісі, дамыған және дамушы елдер арасындағы алшақтықтың ұлғаюы секілді жағымсыз трендтер технологиялық бәсекелестікпен қатар жүрде. Қазір жаппай цифрландыру мен ЖИ әлемдік трендке айналды. Тіпті, бұл салаларда технологиялық бәсеке күшейді. АҚШ және Қытай секілді алып технологиялық елдер ЖИ саласында көшбасшы болу үшін барын салуда. Бәсекеде әзірге АҚШ алда келе жатыр, алайда екі ел арасындағы алшақтық жыл сайын азаюда. Мұны Стенфорд институтының 2026 жылғы ЖИ индексі зерттеу нәтижесі көрсеткен.

«ЖИ атасы» саналатын америкалық ғалым және өнертапқыш Жеффри Хинтонның пікірінше, екі ел арасындағы бәсекелестік ЖИ-нің дамуын күшейткенімен тәуекелдері де бар. Айталық, қару-жарақ жарысын жылдамдатады. Хинтонның сөзінше, екі ел де бір-біріне күмәнмен қарайтындықтан ЖИ-ні өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолдануы мүмкін. Оған қоса бәсекелестікті реттеудің қиындығы тағы бар.

Осындай тәуекелдерге қарамастан, ЖИ технологиясы Қазақстан секілді дамушы мемлекетке дамыған елдер қатарына қосылуға орасан зор

мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы мүмкіндікті ескеріп, Қазақстанда цифрландыру мен ЖИ-ні жаппай ендіру мәселесін 2025 жылғы халыққа Жолдауында баса белгілеген болатын.

Басты мақсат – маңызды міндет

Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек екенін мәлімдеді. Бұл алдымызға қойылған өте маңызды стратегиялық мақсат. Осыған орай, Президент мынадай тапсырмалар берген еді:

Цифрлық кодексті қабылдау. Президенттің тапсырмасын орындау аясында,

2026 жылы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі қабылданды. Бұл заң жеке және заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің мүддесі үшін цифрлық ортаның орнықты дамуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында дайындалды. Құжат арқылы цифрлық деректер мен цифрлық объектілерді құру, олардың айналымы, сақтау, беру және пайдалану кезінде цифрлық ортада туындайтын қоғамдық қатынастар реттеледі. Цифрлық заң аймақта қабылданған алғашқы құжат болып саналады.

Мемлекеттік аппаратты реформалау. Осы мақсатта Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылып, Премьер-министрдің орынбасары деңгейіне көтерілді.

Цифрлы елге айналу мақсатында мемлекеттік деңгейде бұдан да өзге шаралар қабылдануда. Мысалы, Орталық Азиядағы ірі дата-орталық ашыл-

ды. Сондай-ақ, стратегиялық ұсыныстар дайындау мен талқы алаңы ретінде Президент Жарлығымен 2025 жылы 19 мамырда Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес құрылды. Ал кеңестің екінші отырысы жақында ғана Алматыда кеңестің екінші отырысы өткені белгілі. Мұның бәрі еліміз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен цифрлы елге айналып, ЖИ-ні ендіруге білек сыбана кіріскенін аңғартады.

Адами капитал мен өскелең ұрпақ

Цифрландыру мен ЖИ-ні ендіру үдерісі адами капиталсыз жүзеге аспайды. Халықтың, оның ішінде, әсіресе, өскелең ұрпақтың инновацияға құштарлығы мен қабілеті ғана ортақ мақсатқа жетуге мүмкіндік береді. Сондықтан Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы халыққа Жолдауында адам капиталын дамытуға баса мән берілген.

Президент өз сөзінде жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзыретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс екенін айтты. Осыған орай мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама және оқу материалдарын әзірлеу; ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру; қашықтан оқыту тәсілі және жасанды интеллект технологиясы негізінде «Qazaq Digital Mektebi» атты шағын жинақты мектеп үлгісін әзірлеу сынды маңызды тапсырмалар берілді. Мұндай платформа ауылдағы оқушыларды сапалы оқу тәсілдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы тапсырмаларды орындау мақсатында 2026 жылы 12 мамырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектті ендіру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл Жарлық тек оқушылар мен мұғалімдерге көмек қана емес, адами капиталды дамытудың негізгі бөлігі – инновациялық білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталған Қазақстанның стратегиялық қадамы болып саналады.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

«АҚШАМНЫҢ» АЛТЫ САУАЛЫ



Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
журналист,
ЖИ саласының маманы:

1. Орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектті енгізу не үшін қажет?

Мен үшін ең басты дәлел – масштабтау мәселесі. Қазақстанда мыңдаған мектеп бар, олардың сапасы біркелкі емес. Бір тәжірибелі физика мұғалімі бір сыныпқа ғана жетеді, ал ЖИ-көмекші мыңдаған оқушыға білім бере алады. Президент Жарлығы дәл осы мақсатты көздеген маңызды шешім деп санаймын. Яғни қала мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты азайту. Бұл – технологияны қуу емес, әділдік мәселесі. Екінші себеп – даралау (персонализация) дер едім. ЖИ әр баланың қарқынын, әлсіз тұсын тауып, соған бейімделе алады. Бұл – мұғалімнің физикалық мүмкіндігінен тыс нәрсе. Үшіншіден – болашаққа дайындық. Бүгінгі бала ертең ЖИ толық кеткен еңбек нарығына шығады. ЖИ-мен жұмыс істеуді, оны сын тұрғысынан бағалауды мектептен үйренбесе, кеш болады.

2. Қазақстандық орта білім беру жүйесінің жасанды интеллектті енгізудегі артықшылықтарымыз қандай? Жүйе дайын ба?

Ашығын айтсам, жүйе толық дайын емес, бірақ бұл бастамаға себеп бола алмайды. Бірқатар артықшылықтарымыз да бар. Айталық, Қазақстанда цифрландыру тәжірибесі мол: eGov, Kundelik, BilimLand сияқты платформалар жұмыс істеп тұр. Халық технологияны тез қабылдайды, жастар интернетпен жақсы таныс. Орталықтандырылған басқару жүйесі реформаны тез таратуға мүмкіндік береді. Жүйе «дайынмын» деп айта алмайды, бірақ дайындалу процесінің өзі дұрыс қандам. Мұнда асығып, бәрін бірден енгізу ең қауіпті нәрсе дер едім.

3. Жетілдіруге тиіс қандай кемшіл тұстарымыз бар?

Елеулі кемшіліктер жоқ емес, мысалы, инфрақұрылым мәселесі, әсіресе, жоғары жылдамдықтағы интернет барлық жерде бірдей қолжетімді емес. Сол үшін де Мемлекет басшысының Жарлығында «1 тамызға дейін мектептерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамтуды» анық көрсетілген. Екіншіден, алдымызда ұстаздар мәселесі тұр. ЖИ-ді сабаққа қосу – компьютер орнату емес. Мұғалім оны қашан қолдану керек, қашан керек емес екенін, оқушының жұмысы өзінікі ме, әлде ЖИ жазып бергені ме, соның бәрін ажырата білуі керек. Яғни бұл терең қайта даярлауды талап етеді.

Тағы бір мәселе – қазақ тіліндегі контент пен модельдер мәселесі. Әлемдік модельдер қазақ тілінде әлсіздік танытып жатады әрі қазақстандық оқу бағдарламасын білмейді. Локалды, тілге және мазмұнға бейімделген жүйе керек, ал оны жасау уақыт пен қаражатты талап етеді.

4. Жарлықтағы шаралар жоспарына қатысты не айтар едіңіз?

Жалпы, шаралар жоспары мен құрылымы жүйелі жасалған. Әсіресе, екі тұсын ерекше атағым келеді. Біріншіден, бәрін бірден енгізбей пилоттық жобадан бастау өте орынды. Екіншіден, «ЖИ мұғалімді алмастырмайды, қосымша құрал» деген ұстаным анық жазылған. Бұл ұстаным шынында маңызды, өйткені басқа елдерде ЖИ-ді мұғалім орнына қойғысы келетіндер шықты.

5. Жобаны жетілдіре түсетін қандай ұсыныстарыңыз бар?

Дегенмен, шаралардың мерзімі тым тығыз, 12 мамырда Жарлық шығып, 1 маусымда пилот басталуы керек. Небәрі үш апта. Бұл «асығыс жоба» деген қауіп тудырады. Сапалы жоба үшін уақыт керек. Сонымен қатар, бағалау критерийлерін көре алмады. Пилот «сәтті» болды деп нені негізге аламыз? Оқушының білім сапасы артты ма, мұғалімнің жүктемесі азайды ма? Бұларды өлшейтін нақты көрсеткіштер болуы керек. Әйтпесе, «жобаны кеңейттік» деп есеп беру оңай, бірақ нәтиже бұлыңғыр болып қалады.

Тағы бір мәселе, осы жоба аясында ата-ананың рөлі де ескерілуі керек деп ойлаймын. Бала үйде ЖИ-мен қалай жұмыс істейді, отбасы оны қалай қадағалайды, міне осы бағыттар да өте маңызды. Бұларға тәуелсіз қадағалау тетігі қосылғанда, тіпті де кемелді бола түсетін еді.

6. Студенттерден бастап оқушыларға дейін ЖИ-ні қолданады. Академиялық әділдік пен этика қалай реттелуі тиіс?

Бұл – ең қиын әрі ең маңызды сұрақ. Бірнеше қағидаға бөліп қарастырып көрейік: Біріншіден, тыйым салу жұмыс істемейді. «ЖИ қолдануға болмайды» деген саясат сәтсіздікке соғатын еді. Оқушы бәрібір жасырын түрде қолданады. Сондықтан ашық, реттелген қолдану тәсілдері керек. Қай тапсырмада ЖИ-ге рұқсат, қайсысында жоқ екенін мұғалім алдын ала анық айтуы керек.

Екіншіден, бағалау тәсілін өзгерту қажет. Егер тапсырманы ЖИ толық орындай алатын болса, мәселе оқушыда емес, тапсырмада деген сөз. Үй эссесінің орнына ауызша қорғау, процесс-портфолио, сыныпта жазу сияқты әдістерге көшу керек. ЖИ-ні анықтайтын бағдарламаларға (детекторларға) тым сенуге болмайды. Олар жиі қателеседі.

Үшіншіден – ЖИ-сауаттылықты пәнге айналдыру. Бала ЖИ қате айта алатынын, «галлюцинация» жасайтынын, дереккөзді тексеру керектігін білуі керек. Бұл – жаңа сын тұрғысынан ойлау дағдысы.

Төртіншіден – этиканың нақты тұстары. Деректер қауіпсіздігі: баланың жауаптары, бағасы, мінез-құлқы туралы дерек қайда сақталады, кім көреді? Алгоритмдік әділдік: ЖИ ауыл баласын немесе белгілі бір топты жүйелі түрде төмен бағаламай ма? Тәуелділік: бала ЖИ-сіз ойлай алмайтын болып қалмай ма? Бұл сұрақтардың бәрі стандартта жазылуы керек.

Демек, академиялық әділдік бұл оқушыны бақылау мәселесінен гөрі, оқыту мәдениетін өзгерту мәселесіне тиесілі. Балаға «неге адал болу керек», «ЖИ саған не үшін көмектеседі, не үшін зиян» екенін түсіндіру қажет.



Қоғам үніне құлақ асқан қала

Шаһарда «Азаматтық қоғамды шоғырландыру саяси реформалар жағдайында және «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету» тақырыбында жалпықалалық жиын өтті. Іс-шараны Қазақстан Азаматтық Альянсының Алматы қалалық белсенділері ұйымдастырды. Басқосуға қала әкімдігінің өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар, сарапшылар мен қоғам белсенділері қатысты.



Дана
САДЫРҚАН

Жиын барысында азаматтық қоғам институттарын дамыту, мемлекеттік органдармен тиімді өзара іс-қимыл орнату және «Заң мен тәртіп» қағидатын қоғамдық санада нығайту мәселелері кеңінен талқыланды. Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы қоғамдық күн тәртібін қалыптастыруда жүйелі әрі ұзақмерзімді жұмыстың маңызын атап өтті. Айталық, жекелеген жобаларды жаңартумен шектелмей, әлеуметтік мәселелерді шешуге тұрақты түрде атсалысу қажеттігін баса белгіледі.

– Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесін жетілдіру, рәсімдердің ашықтығын арттыру, бәсекелестікті дамыту және әлеуметтік бастамалардағы азаматтық сектордың рөлін күшейту бойынша нақты міндеттер белгіленді. Қоғамдық кеңістіктің рөлі де ерекше. Ол қоғамдық күн тәртібін қалыптастыруда, конституциялық құқық-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

тарды дамытуда және азаматтық бастамаларды ілгерілетуде маңызды алаңға айналды, – деді ол.

Сондай-ақ, әкім орынбасары жаңа Конституция аясында мемлекеттік саясаттың басымдықтары тіпті де айқындала түскенін, ендігі міндет – оны тиімді жүзеге асыру екенін жеткізді.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев «Заң мен тәртіп» қағидаты әрбір азаматтың өмірлік ұстанымына айналуы тиіс екенін атап өтті. Оның пікірінше, азаматтық сектордың дамуы ел экономикасына, туризм мен спорт салаларына оң әсер етеді. Бұл бағытта мемлекет

пен қоғам арасындағы серіктестікті нығайту аса маңызды.

Алматы қаласы қоғамдық кеңесінің төрағасы Махамбет Хасенов азаматтық қоғам мен билік арасындағы ашық диалогтың маңыздылығына тоқталды. Қаламыздағы азаматтық қоғам белсенділігі жоғары екенін, қоғамдық бақылау арқылы көптеген жоба жүзеге асып, түрлі бастама көтерілгенін баса айтып өтті. Әрі қоғамдық кеңес диалогқа барынша ашық екенін де жеткізді.

Қазақстан Азаматтық Альянсы президенті Бану Нұрғазиева қазіргі саяси реформалардың мәнін айқындап берді.

Оның айтуынша, күшіне енетін жаңа Конституция – ел дамуының жаңа кезеңі. Ал қоғам белсендісі, Алматы қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі Бекнұр Қисықов үкіметтік емес ұйымдардың мемлекет пен халық арасындағы байланысты нығайтып, қоғамдық бақылау мен бастамаларды ілгерілетуде маңызды рөл атқаратынын айтты.

Жиын қорытындысында қатысушылар азаматтық қоғамды дамыту, мемлекеттік органдармен серіктестікті күшейту және «Заң мен тәртіп» қағидатын кеңінен насихаттау бағытындағы жұмысты жалғастыру қажеттігін баса айтты.

Қаламыздағы №209 мектеп-гимназияда «Жас сарбаз» сыныбы ашылды. Бұл білім ордасына үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. «Жас сарбаз» сыныбының салтанатты ашылуына орай өткен жиын Бауыржан Момышұлы атындағы №5571 әскери бөлімі оркестрінің сүйемелдеуімен еліміздің гимнімен басталды.

«ЖАС САРБАЗ» сыныбы ашылды

Салтанатты іс-шараны №209 мектеп-гимназиясының директоры Гүлшат Молдабаева ашып, бұл бастаманың оқушы бойында патриоттық рухты қалыптастырып, ел болашағына қызмет ететін азамат тәрбиелеуге ықпал ететінін атап өтті.

Сонымен қатар, жиынға «Германиядағы Кеңес әскерінің тобы мен Варшава келісімшарты әскерінің тобы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қаласындағы өкілдері, Ауған соғысының ардагерлері қатысты. «Жас сарбаз» сыныбының негізгі мақсаты – оқушыларды әскери тәртіпке, жауапкершілікке, төзімділік пен отансүйгіштікке баулуға бағытталған.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



Тегін құқықтық көмек

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен Әуезов ауданында «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында «Заң мен әділдік» құқықтық кеңес беру шарасы өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА



Суреттерді түсірген Самат СЕМБАЙҰЛЫ.

Ұйымдастырушылар тұрғындардың құқықтық сауатын арттыру, халыққа, әсіресе әлеуметтік осал топтарға заң көмегін қолжетімді ету және тегін құқықтық кеңес беруді мақсат еткен. Іс-шара барысында қала тұрғындарының сұрағына прокуратура, Полиция департаменті, Әділет органдарының өкілдері, заңгерлер мен адвокаттар жауап беріп, түрлі мәселелер бойынша тегін заң көмегін көрсетті.

Алматы қаласы Әділет департаментінің арнайы өкілі Шынар

Әбзелбектің айтуынша, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2030 жылға дейінгі «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасына сәйкес, қазіргі таңда тұрғындардың құқықтық сауатын көтеру негізгі бағыттардың біріне айналған.

«Тұрғындар Әділет департаментіне көбіне мүлкіті бөлу, мұрагерлік рәсімдеу, бизнес тіркеу және жеке сот орындаушыларының әрекеттеріне қатысты сұрақтармен жүгінеді. Жеке сот орындаушылары есепшотты қандай

жағдайда бұғаттайтынын, заң бойынша қанша пайыз қаражат ұстап қалуға болатынын сұрайды. Заң жүзінде 40 пайызға дейін ғана ұстап қалуға рұқсат етілген. Кей жағдайда заңбұзушылықтар кездесіп жатады. Осындай мәселелер бойынша тұрғындарға құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Сондай-ақ, тұрғындар тарапынан жеке кәсіп пен заңды тұлғаларды тіркеу бойынша да сұрақтар жиі түседі», – дейді Шынар Әбзелбек.



БАУЫРЛАСТЫҚ БЕКЕМДЕЛДІ

Мемлекет басшысы
Түркия Президентін
Qoja Ahmet Yasaui
орденімен марапаттады

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған Қазақстан – Түркия Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің алтыншы отырысын өткізді. Мемлекет басшысы Түркия Қазақстан үшін бауырлас ел, маңызды әрі сенімді серіктес саналатынын атап өтіп, тамыры терең байланыстар қос халықтың мызғымас достығын одан әрі нығайтуға ықпал етіп отырғанын айтты. Жиында тараптар сауда-экономикалық ықпалдастықты тереңдету мәселесін талқылады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша тауар айналымы 8,8 пайызға өсіп, 5,4 миллиард доллардан асқан. Екіжақты келіссөздер қорытындысы бойынша екі елдің Президенттері Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы мәңгілік достық және кеңейтілген стратегиялық серіктестік туралы декларацияға қол қойды. Екі елдің ресми делегация мүшелері мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейдегі құжаттармен алмасты.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Түркия Президентін Qoja Ahmet Yasaui орденімен марапаттады. Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды Қожа Ахмет Ясауи атындағы мәртебелі орденмен марапаттау туралы шешім қабылдағанын, Түркия Президенті – бұл орденнің тұңғыш иегері екенін атап өтті. Мәртебелі мейман Түркістанның пірі Қожа Ахмет Ясауи атындағы ерекше орденнің алғаш рет өзіне берілгеніне қуанышты екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған түркі әлемінің рухани астанасы – Түркістан қаласында өтетін Түркі мемлекеттері ұйымына (ТМҰ) мүше мемлекеттер басшыларының бейресми саммитіне қатысады. Алқалы жиынның тақырыбы – «Жасанды интеллект және цифрлық даму».

Әзірлеген
Досбол ОРЫНБЕКҰЛЫ.



Мемлекеттік қолдау мұқтаж жандарға бағытталады

Алматыда қалалық мәслихаттың кезектен тыс XLV сессиясы өтті.



Досбол
АТАЖАН

Жиынның басты шешімдерінің бірі – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысып, ақталған азаматтарға берілетін біржолғы әлеуметтік көмек мөлшерін 250 мың теңгеден 400 мың теңгеге дейін ұлғайту болды. Шаһар басшысы Дархан Сатыбалдының басамасымен бұл төлем мөлшері Желтоқсан оқиғасының 40 жылдығы қарсаңында көбейтілді. Қолдау шарасы 800-ге жуық адамды қамтиды. Мәслихат төрағасы Мейіржан Отыншиев Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуында тарихи маңызы бар оқиғалармен тағдыры тікелей байланысты азаматтарға үнемі назар аударып, қолдау көрсетудің маңыздылығын атап өтті.

Сондай-ақ, депутаттар мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету тәртібін реттейтін мәслихат шешіміне енгізілетін өзгерістерді талқылады. Жоба Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында, сондай-ақ халықты әлеуметтік қолдау шараларын біріздендіруді, тиімділігін арттыруды көздейтін ел Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленген. Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов өзгерістер әлеуметтік көмек көрсетудің қолданыстағы тетіктерін бірыңғай республикалық тәсілдерге сәйкес келтіруге және мұқтаж азаматтарды қолдау жүйесін жетілдіруге бағытталғанын атап өтті. Оның ішінде қолданыстағы мемлекеттік қолдау тетіктерін ескере отырып, әлеуметтік көмектің жекелеген түрлерін оңтайландыру қарастырылған.

Бұл тұрғын үйді газдандыруға, көпбалалы отбасылардан шыққан үздік студенттерді қолдауға байланысты төлемдерге, табысты есепке алмай берілетін

жекелеген төлемдерге, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды қолдауға, сондай-ақ көпбалалы отбасыларға арналған тұрғын үй сертификаттарына қатысты. Аталған қолдау шаралары басқа да қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар мен әлеуметтік көмек құралдары арқылы беріледі.

Одан бөлек, сессия барысында ведомствоаралық комиссиялар мен штабтардың құрамын өзектендіруге қатысты Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер қаралды. Өзгерістер мемлекеттік органдар арасындағы үйлестіруді күшейтуге, құқық бұзушылықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа, есірткі қылмысына және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелеріне мәслихат депутаттарының, аудан әкімдіктері мен бейінді құрылымдардың қатысуын кеңейтуге бағытталған.

Сондай-ақ, жеке өтініші бойынша «Amanat» партиясынан сайланған Алматы қаласы мәслихатының депутаты Игорь Проценконың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Саф ауаның салмағы

Медеу ауданының әкімдігінде шағын және орта бизнес өкілдерімен кездесу өтті. Жиында ауа тазалығын сақтау, қоршаған ортаға қорған болу қағидалары сөз болып, арнаулы жобаны іске асыру жайы талқыланды.



Дастан
ҚАСТАЙ

Жиынға Медеу ауданының әкімі, аудан әкімінің орынбасарлары, Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының басшылығы, Экология департаменті, құқық қорғау органдары, бизнес және салалық қауымдастық өкілдері қатысты. Кездесу барысында аудан әкімі Еркебұлан Оразалин кәсіпкерлерді экологиялық талаптарды қатаң сақтауға және зиянды шығарындыларды азайтуға белсенді түрде атсалысуға шақырды. Ал Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы басшысының орынбасары Аршат Бахтыгереев болса, ауа тазалығын сақтауға қатысты жаңа қағидалар мен басты өзгерістерді түсіндіріп, кәсіпкерлер қойған сұрақтарға жауап берді.

Орайы келгенде айта кетелік, Алматы қаласының атмосфералық ауасын қорғауға арналған жаңа қағидалар автокөлікке және пайдаланылған газ деңгейіне қойылатын



Суреттерді түсірген Самат СҰЛТАЙҰЛЫ.

талаптардан тұрады. Сондай-ақ, жағуға рұқсат етілген отын түрлерін айқындап, ауаға ұшатын қалдықтарды шектейтін экологиялық аймақтарды белгілеуді көздейді. Құжаттың басты мақсаты – заңбұзушылықтарды анықтау және ауаның ластануына жол бермеу.

Қағидалар аясында төмен шығарындылар аймақтарын құру қарастырылған. Бұл шаралар қаладағы ауа сапасын жақсартуға бағытталған. Мұндай аймақтарда барлық нысан үшін қатты отын жағуға тыйым салынады, ал тұрақты түтін көздеріне сүзгі орнату міндеттеледі. Бұдан бөлек, уәкілетті органдар тұрақты мониторинг жүргізіп, басқа да талаптар мен шектеулердің сақталуын бақылайды. Кәсіпкерлер атмосфераға тарайтын

зиянды қалдық көлемін едәуір азайтатын сүзгі жүйелерін орнатуы қажет. Бұл талаптар қаладағы экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған.

– Алматыда атмосфералық ауаның сапасы әлі де өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қала әкімдігі ластану деңгейін төмендетуге бағытталған кешенді шараларды іске асырып келеді. Қазір қаланы газдандыру деңгейі шамамен, 99,6 пайызды құрайды. Бұл – елдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Жаңа қағидалар шығарындыларды жүйелі реттеуге, бақылауды күшейтуге, сондай-ақ бизнес пен автокөлік иелерінің жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді, – деді Аршат Бахтыгереев.

«ECO Almaty» ЖШС бас директорының орынбасары Айдана Қасен мұндай кездесулер түсіндіру мақсатында өткізіліп жатқанын және қаланың барлық ауданында ұйымдас-тырылатынын айтты.

– Біздің міндетіміз – кәсіпкерлерге талаптарды, ықтимал салдардың неге апарып соғарын түсіндіру және жаңа ережелерге бейімделуге көмектесу, – деді.

Оның айтуына қарағанда, жаңа айыппұлдар енгізілмейді, алайда заңбұзушылық түрлеріне қатысты тізім ұлғаяды.

– Талаптардың бір бөлігі келесі жылдан бастап күшіне енеді. Оның ішінде газ тартылған аудандарда қатты отынды пайдалануға тыйым салу, сүзгі орнату және газға немесе электр қуатына көшу бар. Сондай-ақ, алдағы уақытта төмен шығарындылар аймақтарында зиянды қалдықты көп бөлетін көліктердің қозғалысына шектеу қойылады, – деді спикер.

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының сауда бөлімі басшысы Арман Сапаровтың айтуынша, заңбұзушылықтарды анықтау жұмысы қазірдің өзінде жүргізіліп жатыр.

Жиында ауаның ластануын азайтуға бағытталған нақты шараларға да назар аударылды. Кездесуге қаржы ұйымдарының өкілдері мен сүзгі жабдықтарын өндірушілер қатысып, кәсіпкерлерге ауа тазарту жүйелерін сатып алуға арналған қолжетімді несие өнімдерін таныстырды. Бизнес өкілдері ұсынған мүмкіндіктерге қызығушылық танытып, экологиялық бастамаларды талқылауға белсенді түрде қатысты.



«АДАЛ ҰРПАҚ»

Мемлекет басшысының қолдауымен жүзеге асып жатқан «Адал Ұрпақ» жобасының негізгі мақсаты – танымал тұлғалардың өнегесі арқылы жастардың бойына ұлттық құндылық пен патриоттық рух қалыптастыру. Осы жоба аясында Медеу ауданының 90 жылдығына орай №12 мектепте тағылымды кездесу өтті. Белгілі қаламгер әрі қоғам қайраткері Зейнеп Ахметова мектеп ата-аналарымен рухани тәрбие мен ұлттық құндылықтар жайында ой бөлісті.



Зейнеп Ахметовамен тағылымды кездесу өтті

мен түсіреді. Сондықтан кішіпейіл болу – ең үлкен абырой» – деп отыратын. Шынымды айтсам, мен ешқашан өзімді жеке тұлға ретінде алға шығарған емеспін. Тұрмысқа шыққаннан кейін бір әулеттің келіні ретінде өмір сүруге тырыстым. Халық сол әулетті қалай құрметтесе, мені де сол деңгейде көргісі келеді деп түсіндім. Сол үдеден шығуға ұмтылдым. Әрине, бұл жол оңай болған жоқ. Үлкен жауапкершілік жүктейді. Кейбір жеке қалауыңнан бас тартуға тура келеді. Бірақ соның бәрі – тәрбие мен төзімнің жемісі.

Үлкендердің мектебі

– Атаның үйіне алғаш келін болып түскен кезім әлі есімде. Үйдегі тәртіпке үйреніп қалған басыммен, оның жұмыс үстелін реттеп қойдым: кітаптарын жинап, қағаздарын орнына салдым. Өзімше жақсы іс істедім деп ойлады. Бірақ ата келгенде қатты ренжіді. «Менің ретсіздігім – менің тәртібім» деді. Сонда түсіндім: әр адамның өз әлемі, өз жүйесі бар екен. Содан кейін ешқашан оның дүниесіне рұқсатсыз қол тигізбейтін болдым. Сол алғашқы күндер оңай болған жоқ. Қатты сөз естіп, іштей жылаған сәттерім де болды. Бірақ соның бәрі мені шыңдады. Бірте-бірте үлкеннің қасында жүрудің өзі үлкен мектеп екенін түсіндім.

Ата бірде әзіл-шыны аралас: «Жылағың келсе, суды ағызып қоймай-ақ жыла» дегені бар. Сол сөздің өзінде де өмірлік психология жатыр. Яғни эмоцияңды сыртқа шығар, бірақ сабырдың сақта. Қазір ойласам, сол күндердің әрқайсысы – мен үшін үлкен сабақ, үлкен өмір тәжірибесі болған екен. Сіздердің алдарыңызда осылай аман-есен отырғанымға шүкіршілік етемін. Өйткені, адам баласы жоспар құрады, ойлайды, бірақ кейде түннен түгел шыға алмай, бұл дүниеден өтіп кетуі де мүмкін. Сондықтан әрбір таңды аман қарсы алу – үлкен нығмет. Жас ұлғайған сайын осының қадірін тереңірек түсінеді екенсің, – деп Зейнеп апа сөзін түйіндеді.

Кездесу барысында қоғамдағы нақты өзгерістермен, ата-ана мен бала арасындағы қатынастың трансформациясымен тікелей байланысты болды. Сұрақ-жауап, пікір алмасу, нақты жағдайларды талқылау – осының бәрі араласып отырды. Залдағы ата-аналар қазіргі ұрпақ тәрбиесінің қиындап кеткенін, баламен тіл табысудың қиын екенін алға тартты. «Құндылықтар өзгеріп жатыр, тәрбие қай жерде үзіліп жатыр?» деген сынайлы сұрақтарын жаудырды. Кездесу соңында гимназия басшысы Айымгүл Иманғалиева ата-аналар атынан кеш қонағына ризашылығын білдірді.

ШАҢҰЫРАҚТЫҢ ШАРАПАТТЫ ТӘЛІМІ

Рая
ЕСКЕНДІР

Медеумен біте қайнаған әулет

Зейнеп Ахметова кездесуде биыл 90 жылдығын атап өкелі отырған Медеу ауданының Момышұлы әулеті үшін құтты қоныс, ырысты жұрт болып келгенін ерекше атап өтті. Әйгілі Бауыржан Момышұлы ұзақ жыл осы ауданда тұрған. Қазір батыр атаның немере-шөберелері де сонда өсіп-өніп отыр. Әулеттің қадірлі ұйытқысы Зейнеп апаның өзі де Медеу ауданында тұрып жатқанына жарты ғасырдан асқан.

«Осы мерейтойға мен не қоса аламын деп ойладым. Сөйтсем, асып-тасыған байлығым болмаса да, қолымнан келетін бір іс бар екен. Ол – көрген-білгенімді, алған тәлімімді халыққа жеткізу», – деді кеш қонағы.

Тағылымды кездесуге ұйытқы болған №12 мектеп батыр әулеті үшін қадірлі қара шаңырақ саналады. Бауыржан Момышұлының жары да сол білім ордасының алғашқы түлектерінің бірі болған екен. Кейін немересі Ержан да сол мектеп қабырғасында білім алған. Кеш қонағы сөзінде, Кеңес дәуірінде бұл қазақ мектептерінің ішіндегі іргелі, маңдайалды оқу орны болғанын, тіпті алыс аудандардан балалар арнайы келіп оқығанын ерекше атап өтті.

Зейнеп Ахметова баласы оқыған сыныптың нөміріне дейін анық есінде екенін, отбасындағы жандармен тығыз қатысты

болған бұл білім ордасына ерекше құрметпен қарайтынын да жеткізді.

Атаның өнегесі

Мен – бүкіл қазаққа ортақ ұлы тұлғаның шаңырағында жүріп, қолына су құйып, шайын қайнатқан келінмін. Күн сайын сол кісінің сөзін естіп, өнегесін көріп өстім. Ол – жәй ғана кітаптағы кейіпкер емес, тірі тағылым еді. Менің айтып жүргенім де, жазып жүргенім де – сол кісінің өмірлік мектебінен алған сабақтар. Сондықтан мені мектепке кездесуге шақырса, «балаларды емес, ата-аналарды шақырыңыздар» деймін. Себебі, қазіргі бала басқа ортада өсіп жатыр, тәрбие ең алдымен ата-анадан басталуы керек. Ата-ана түсінсе, балаға соны жеткізеді.

Ең алдымен ата туралы айтайын, ол кісі үнемі «Мен өлген соң да тірілердің арасында жүремін» дейтін. Жастау кезде бұл сөздің мәнін толық түсінбеппін. Кейін көзім жетті. Еліміздің қай өңіріне барсаң да, оның атымен аталған көше, мектеп, сөре толы кітап бар. Демек, адамның шын өмірі – артында қалдырған ізі екен.

Атамыз тағы бір сөзінде: «Қатарыңнан озсаң да, халықтан оза алмайсың. Халықтың алдында басыңды иіп жүр дейтін. Бұл – өмірлік қағида. Халық бәрін көреді, көтерсе – биікке көтереді, ұнатпаса – тө-

18 мамыр – Халықаралық музейлер күніне орай Алматыда «Музей түні – 2026» акциясы ұйымдастырылады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында қала музейлері биылғы мәдени бағдарламаның мазмұнын таныстырды.

«МУЗЕЙ ТҮНІ – 2026»

Алматыда ауқымды мәдени бағдарламалар өтеді

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Биылғы акция Халықаралық музейлер кеңесі (ICOM) бекіткен «Әрқилы әлемді бір арнаға тоғыстырған музейлер» тақырыбы аясында өтеді. Қаладағы музейлер таңғы уақыттан түн ортасына дейін жұмыс істеп, келушілер үшін көрмелер, театрландырылған қойылымдар, концерттер, квесттер, шеберлік сабақтары, VR-шоулар мен интерактивті жобалар ұйымдастырылады. Барлық іс-шараға кіру тегін болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Орталық музейінің директоры Сержан Саровтың айтуынша, «Музей түні» бүгінде дәстүрлі акциядан ірі мәдени оқиғаға айналған.

– Биылғы бағдарлама бұрынғыдан да ауқымды. Біз музейдің экспонат сақтаумен қатар, өнер мен заманауи технология тоғысқан кеңістік екенін көрсеткіміз келеді, – деді ол.

Ұлттық Орталық музейде қазақтың кілем тоқу өнеріне арналған «Масатыдай құлпырған...» көрмесі, антикварлық бұйымдар қойылатын «Бірегей!» экспозициясы және Қазақ радиосының 105 жылдығына арналған «Ұлттың үнбайрағы» көрмесі ұсынылады. Сонымен қатар, келушілер М.Әуезов,

М.Мақатаев секілді тұлғалардың архивтік дауысын тыңдай алады. М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының 100 жылдығына арналған «Ғасыр жасаған ұлт театры» көрмесі де көпшілік назарына ұсынылмақ. Онда сахналық костюмдер, архивтік фотосуреттер мен танымал актерлердің жеке заттары қойылады. Кеш барысында «жанды музей» форматындағы қойылымдар ұйымдастырылып, келушілер «Алтын адам», Томирис патшайым, қазақ хандары мен Алдар көсе бейнесіндегі кейіпкерлермен кездеседі. Балаларға арналған цирктік шоу мен «Қазақфильм» туындыларының көрсетілімі де жоспарланған.

Алматы музейлер бірлестігіне қарасты музейлер де «Музей түні – 2026» акциясына қатысады. Алматы музейі, Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі, Дінмұхамед Қонаев музейі, Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі және басқа да мәдени нысандар түн ортасына дейін тегін жұмыс істейді. Бағдарлама аясында театр қойылымдары, концерттер, ашық аспан астындағы кино көрсетілімдері, этно-фольклорлық ансамбльдердің өнері, қыш жасау мен бейнелеу өнері бойынша шеберлік сабақтары өтеді. Сонымен қатар, танымал блогерлер қатысатын арнайы музейлік квест ұйымдастырылмақ.





«ВЕЧЕРНИЙ АЛМАТЫ» – 90



МЕРЕЙЛІ МАРАПАТ

Биыл – «Alatau Aqparat» медиахолдингіде мерейлі жыл. Редакциямызбен қанаттас ұжым, шаһар шежіресі саналатын «Вечерний Алматы» газетінің жарық көргеніне – 90 жыл толды. Осы мерейлі сәтте ұжымдағы бірқатар әріптестеріміз мемлекеттік марапаттарға ие болды. Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Мемлекет басшысының атынан ұжымымызды 90 жылдық мерейтойымен құттықтап, қос басылым қызметкерлеріне наградалар табыстады.

Марапаттау кезінде қала басшысы газеттің отандық журналистиканың дамуына, қоғамдық пікірдің қалыптасуына және мегаполис тарихын сақталуына қосқан сүбелі үлесін атап өтті.

«Вечерний Алматы» газеті – терең тарихы бар беделді қалалық басылымдардың бірі. Газет ұзақ жыл бойы Алматы шаһарымен бірге талай тарихи кезеңдер мен маңызды оқиғалардың куәсі болды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев газет ұжымының еңбегі мен басылымның бай тарихына жоғары баға беріп, бірқатар қызметкерді мемлекеттік наградалармен марапаттады», – деді Дархан Сатыбалды.

Мерейтой қарсаңында «Вечерний Алматы» және «Almaty aqshamy» басылымынан 10 қызметкерге марапат та-

бысталды. Журналистер мен редакция ардагерлері «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Марапатталғандардың қатарында 1990 жылдан бері редакцияда еңбек етіп келе жатқан «Alatau Aqparat» медиахолдингі бас директорының орынбасары Абдухалил Жалилов та бар. Ол еңбек жолын кіші тілші болып бастап, бүгінде холдинг жетекшілерінің біріне айналды.

«Еңбегімді осылай жоғары бағалғаны үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа, қала әкіміне және ұжымыма шынайы алғыс білдіремін. Шынымды айтсам, мұндай құрметті



кутпедім, ерекше толқыдым. Редакцияға кәсіби жолымның басында кіші тілші болып келдім. Кейін хатшылықта, коммерциялық бағытта қызмет атқардым. Бір кездері түрлі басы-

лымдар шақырды. Алайда, өзімнің сүйікті «Вечеркама» адал болып қалдым және солай қала беремін», – деді ол.

Марапатқа ие болған әріптестеріміздің дені газетте ұзақ жыл бойы еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі мамандар. Олар саналы ғұмырын осы басылымның, жалпы медиахолдингтің өркендеуіне арнаған.

Айта кетейік, 90 жылға аяқ басқан газеттің алғашқы саны 1936 жылы 28 сәуірде «Социалистическая Алма-Ата» атауымен жарық көрген.

1968 жылдан бастап басылым «Вечерняя Алма-Ата» деген атпен шыға бастады, ал 1993 жылы «Вечерний Алматы» болып өзгертілді. Осы уақыт аралығында жалпы таралымы 360 миллион данадан асатын шамамен, 15 мың нөмірі жарық көрген.

Ел журналистикасы мен ақпарат кеңістігінің дамуына қосқан үлесі үшін басылым бірнеше мәрте беделді марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, 2004 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталса, 2013, 2015 және 2023 жылдары «Жыл таңдауы» байқауында «Үздік баспасөз құралы» номинациясының жеңімпазы атанды. Ал 2014 жылы Қазақстан Журналистика академиясының «Алтын адам» сыйлығын иеленді.

Қазіргі таңда аталған басылым «Almaty aqshamy» газетімен бірге «Alatau Aqparat» медиахолдингінің құрамына кіреді. Холдинг сонымен бірге, Aqshamnews.kz, Vecheer.kz, және Alnews.kz ақпараттық порталдарын өзіне қамтыған, барлық әлеуметтік желідегі белсенді дирекциясы мен Подкаст студиясы бар.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

ӨМІР-ӨНЕГЕ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Журналистика факультетінде дәстүрге айналған Шәймерденов оқулары өтті. Үшінші рет ұйымдастырылып отырған іс-шара Дүниежүзілік баспасөз бостандығы күніне орай халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция аясында ұйымдастырылды. Сондай-ақ, ауқымды жиын ЮНЕСКО-ның Журналистика және коммуникация кафедрасының 30 жылдығына арналды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Осынау қара шаңырақтың түлегі, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Құрмет» орденінің иегері Ербол Шәймерденов отандық баспасөз саласының дамуына өлшеусіз үлесін қосып, соңында мол мұра қалдырған жан. Ол 1992 жылы мемлекеттік рәміздерді бекіту комиссиясының құрамына еніп, жұмыс тобының мүшесі ретінде алғаш-

Есімі ел жадында жаңғырды



қылардың бірі болып Қазақстан Республикасы рәміздеріне терең ғылыми зерттеу жүргізді. Сақ дәуірінен бастап, 1991 жылға дейінгі билік атрибуттары, тулар мен ерекшелік белгілерін жүйелеп, ғылыми тұрғыда сипаттап берді.

Бұдан бөлек, Ербол Шәймерденов

ведомстволық символикаға да зор көңіл бөлді. Мәселен, ол құқық қорғау органдары мен қарулы күштерге арналған айырым белгілерін орналастыру стандарттары мен ережелерін әзірледі. Ербол Шәймерденовтің шығармашылық және ғылыми мұрасы 20-дан астам ір-

гелі еңбекті қамтиды, олардың басым бөлігі мемлекеттік рәміздерге, қазақ ою-өрнегінің тарихына және ұлттық геральдикаға арналған.

Жиынды ашқан ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Марғұлан Ибраимов конференция тақырыбының өзектілігіне және көрнекті жазушы, ақын, публицист, мемлекеттік рәміздер бойынша маман әрі Қазақстандағы баспасөз қызметінің негізін қалаушылардың бірі Ербол Шәймерденовтің медиа саласы мен еліміздің мемлекеттік рәміздерін дамытуға қосқан үлесіне кеңінен тоқталды.

Жиынға арнайы қатысқан ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Геральдика департаментінің директоры Гүлдана Аргенова Ербол Шәймерденовтің мемлекеттік рәміздерді зерттеу саласындағы еңбегіне баса назар аударды. Жиын барысында Шәймерденовтің әріптестері жылы естеліктермен бөлісіп, жары Күләш Шәймерденова ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді.



ТЕҢДЕССІЗ ЖОБА

Тау туризмін дамытудың жаңа жоспарлары таныстырылды

Алматы қаласында «Алматыбасжоспары» ФЗИ алаңында еліміздегі ең ірі туристік инфрақұрылымдық жобалардың бірі – Алматы тау кластерін дамыту мен Almaty Superski жобаларына арналған кеңес өтті.



Досбол
АТАЖАН

Іс-шараға «Атамекен» ҰКП төрағасы Қанат Шарлапаев, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Әбдірахым, Kazakh Tourism Development бас атқарушы директоры Ержан Еркінбаев, Туризм және спорт вице-министрі Бауыржан Рапиков, Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің төрағасы Данияр Тұрғамбаев қатысты. Сондай-ақ, өңірлік және салалық кеңестердің, салалық қауымдастықтардың, бизнес қауымдастықтардың өкілдері, сарапшылар мен жоба әзірлеушілері бас қосты.

Шаһар өз позициясын нығайтып келеді

Басқосу өңірдің тау туристік инфрақұрылымының болашағына арналған кәсіби диалог алаңына айналды. Қанат Шарлапаев Алматының тау кластерін дамытуға жүйелі тәсіл қажет екенін атап өтіп. Оның сөзінше, жоба ел экономикасы мен туризм саласының ұзақмерзімді дамуы үшін стратегиялық маңызы ерекше.

– Алматы тау кластерін дамыту – жәй ғана инфрақұрылымдық жоба емес, туризмнің, бизнестің және жұмыспен қамтудың тұрақты өсімін қамтамасыз ете алатын жаңа экономикалық модель қалыптастыру. Алматы кәсіпкерліктің басты орталығы әрі Орталық Азиядағы туристерді тартатын негізгі нүкте ретіндегі мәртебесін нығайту қажет, – деді «Атамекен» ҰКП төрағасы.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Әбдірахым мегаполистің туризм саласындағы әлеуетіне тоқталып, жаңа жоба-жоспарлармен бөлісті.

– Алматы бүгінде туризмді, бизнесті және инвестициялар орталығы ретінде өз позициясын нығайтып келеді. Қаламызды The New York Times, TripAdvisor, Condé Nast Traveler сынды ірі басылымдар мен туристік платформалар ерекше атап өтуде. Сонымен қатар, қала туристік инфрақұрылымды, қонақүй желісін, іскерлік туризмді жүйелі түрде дамытып жатыр. Дегенмен, Алматының басты символы болып тауларымыз қала береді. Сондықтан таулы аймақтарда заманауи, қауіпсіз және қолжетімді туристік ортаны қалыптастыруға ерекше назар аударылады, – деді ол.

Тау кластері

Кеңес барысында Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Ғалия Тоқсейітова Алматы тау кластерін дамыту тұжырымдамасын таныстырды. Жоба бірыңғай өзара байланысқан инфрақұрылым қалыптастыруды, жыл бойғы туристік ұсыныстарды дамытуды, сервис пен қауіпсіздік деңгейін арттыруды, сондай-ақ әртүрлі рекреациялық аймақтарды ортақ жүйеге біріктіруді көздейді.

Негізгі бағыт – «Шымбұлақ» пен «Oiqaragai» курорттарын «Медеу» базалық станциясы арқылы бірыңғай тау шаңғысы жүйесіне біріктіру. Жоба аясында аспалы арқан жолдардың санын 16-дан 62-ге, тау шаңғы трассаларын 41 шақырымнан 252 км-ге ұлғайту жоспарланған. Соның нәтижесінде курорттардың



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.



Аспалы арқан жолдардың санын 16-дан 62-ге, тау шаңғы трассаларын 41 шақырымнан 252 км-ге ұлғайту жоспарланған.

адамдарды қабылдау мүмкіндігі бес есеге – тәулігіне 6 мыңнан 30 мың туристке дейін арттырады.

Жобаны іске асыру үшін «Алматы» ӘКК» АҚ жанынан ірі тау шаңғы курорттарын салу және басқару жобаларын іске асыруда тәжірибесі бар жетекші халықаралық мамандарды тарта отырып, «Almaty Tau Management» ЖШС басқарушы компаниясы құрылды. Оның төрағасы ретінде – осы салада 35 жылдан астам тәжірибесі бар, 2022 жылғы Бейжің Олимпиадасының сарапшысы Жан-Пьер Барало тағайындалды.

Almaty Superski

Көкжайлау шатқалындағы Almaty Superski жобасы да кеңінен талқыланды. Жоба халықаралық деңгейдегі заманауи жыл бойғы туристік инфрақұрылым қалыптастыруға және Алматыны Орталық Азиядағы тау туризмнің орталығы ретінде дамытуға бағытталған.

Жобаны таныстырған Kazakh Tourism Development бас атқарушы директоры Ержан Еркінбаев Almaty Superski Алматы туризмін жаңа деңгейге көтеретін стратегиялық жоба екенін баса белгіледі. Оның сөзінше, Қазақстан үшін бұл туристерді, инвестицияларды тартатын және халықаралық спорттық іс-шараларды өткізуге мүмкіндік беретін жаңа орталық қалыптастыру тәсілі.

Жоба аясында 60 км шаңғы трассасы мен 17 аспалы арқан жол салынады. Бұл 10 мың адамды қабылдауға мүмкіндік береді. Ержан Еркінбаевтың айтуынша, жаңа курорттың жоспарын әзірлеу үшін әлемнің 20 елінде 120-дан астам сәтті жоба дайындаған PGI компаниясы тартылды. Ал аспалы жолдарды өте тәжірибелі DCSCA компаниясы жобалаумен айналысады. Сондай-ақ, тау шаңғысы трассалары бойынша өз саласындағы көшбасшы – ADQI компаниясы жұмыс істеп жатыр. Ал курорт ішіндегі станциялар мен ғимараттарды әзірлеуге негізінен эко-стильде жобалаумен айналысатын сингапурлық бюро – EKAID компаниясы шақырылған.

Еске салайық, аталған бастамаларға қатысты қоғамдық талқылау 26 мамырда, сағат 8.30-да Оқушылар сарайында өтеді.

ҚАУІПСІЗ САЯХАТТАҢЫЗ!

Алматының таулы аймақтарында туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кешенді іс-шаралар қолға алынып жатыр. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте қалалық ТЖД Төтенше жағдайларды жою басқармасының басшысы Денис Ярцев мәлімдеді.

Биылғы жазғы маусымға екі кәсіби құтқару бөлімшесі жұмылдырылған. Олардың жалпы саны – 194 адам, 60 техникасы мен екі тікұшақ та бар. Сонымен қатар, іздестіру-құтқару жұмысына «Альпинизм федерациясы» мен «Ерікті құтқару қызметі» ұйымдарының 100-ден астам еріктісі тартылған.

Таулы аймақтар мен оған іргелес аумақта 18 тау лашығы орнатылған. Олар алғашқы медициналық көмек көр-



сетуге арналған жиынтықтармен, байланыс құралдарын қуаттауға арналған жабдықпен, азық-түлік қорымен қамтамасыз етілген.

Туристер санының артуына байланысты оқиғалар да көбейіп отыр. Былтыр 410 іздестіру-құтқару жұмысы жүргізіліп, 608 адам құтқарылған, оның 88-і кәмелетке толмағандар екен. 2026 жылдың басынан бері 43 операция жүргізіліп, 65 адам құтқарылыпты.

Бұған қоса, Үлкен Алматы көліне жеке көлікпен қатынауға шектеу қойылды. Бұл туралы Үлкен Алматы орманшылығының мамандары мәлімдеді. Парк аумағында қазір 46 туристік бағыт бар, оның 38-і жұмыс істеп тұр. Ақсай, Медеу, Түрген мен Талғар бөлімшесі болып бөлінген оған жаяуларға, автокөлікке, атпен және велосипедпен жүруге арналған бағыттар кіреді.

Әзірлеген
Дана САДЫРҚАН.



12 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕЙІРБИКЕЛЕР КҮНІ

«Ана алғысы – ең үлкен марапат»

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында тәулік бойы сәби өмірі үшін күрес тоқтамайды. Әсіресе, салмағы небәрі 600–1000 грамм болып дүниеге келген шақалақтарға күтім жасау оңай емес. 12 мамыр – Халықаралық мейірбикелер күні қарсаңында Неонатология және нәрестелер хирургиясы бөлімінің аға мейірбикесі Закира ҚУАНДЫҚҚЫЗЫМЕН сұхбаттасудың сәті түскен еді.



– Закира Қуандыққызы, мейірбике болу бала күнгі арманыңыз ба, дәл осы кәсіпті таңдауыңызға не себеп болды?

– Мейірбике – науқастың жағдайына дәрігермен бірдей жауапкершілікпен қарайтын, денсаулық сақтау саласындағы жанашыр маман. Иә, мейірбике болу бала күнгі арманым еді. Бұл арманым қанат бітірген ата-анам болатын. 14 жасымда кішкентай сіңлім дүниеге келді. Сол кезде анамның денсаулығы сыр беріп, мен анама көмектесіп, сіңлімнің күтіміне араластым. Оны тамақтандырып, құндақтап, күтім жасауға қолғабыс ететінмін. Сондай сәттерде әкем: «Менің қызым өскенде кішкентай балаларға қарайтын мейірбике болады», – деп жиі айтатын. Әкемнің осы сөздері жүрегімде сақталып, медицина саласын таңдауыма үлкен себеп болды. Бүгінде осы салада еңбек етіп жүргеніме өте қуаныштымын.

– Сіз осы салада ұзақ жылдан бері еңбек етіп келесіз. Қазіргі медицина мен еңбек жолыңызды бастаған кездегі медицинаның айырмашылығы қандай?

– Айырмашылық өте көп. Қызметімді алғаш бастаған кезде қазіргі кездегідей заманауи құрылғылар мен

технологиялар аз болатын. Көп нәрсе қолмен жазылатын, емдеу тәсілдері де қарапайым еді. Ал қазір медицина қарқынды дамып келеді. Жаңа технологиялардың арқасында диагноз қою да, ем жүргізу де әлдеқайда жеңіл әрі жылдам бола бастады. Заманауи аппараттар, цифрлық жүйелер, жаңа дәрі-дәрмектер медицина саласының дамуына үлкен серпін берді. Бірақ қанша технология дамыса да, мейірбикенің мейірімі мен адамға деген жанашырлығы ешқашан маңызын жоғалтпайды.

– Тәжірибелі маман болып қалыптасуыңызға ықпал еткен жандар туралы айтып өтсеңіз...

– Кәсіби маман болуыма ықпал еткен адамдар өте көп. Осы бөлімге 19 жыл бұрын келген кезде бөлімнің аға мейірбикесі Толқын Мырзақызы, мейірбикелер Лидия Антоновна, Хельчам Сейітқызы, Бақыт Мейірханқызы, бөлім меңгерушісі Качурина Диляра

Радиковна, дәрігерлер Раиса Күнзия Алмағамбетқызы, хирург Литов Владимир және қазіргі бөлім меңгерушіміз Гүлмира Төлепбекқызы маған көп қолдау көрсетті. Сол кісілердің тәлімінің арқасында кәсіби шеберлігімді шыңдап, білікті маман ретінде қалыптастым. Барлығына алғысым шексіз.

– Бөлімдегі қызметіңіз бен міндеттеріңіз туралы айтыңызшы...

– Бұл дүниеде ең қымбат нәрсе – өмір, ал баланың өмірі ең асылы. Неонатология және нәрестелер хирургиясы бөлімінде жаңа туған нәрестелерге, әсіресе, шала туған және түрлі патологиясы бар сәбилерге күтім жасалады. Менің негізгі міндеттерім – бөлімдегі мейірбикелердің жұмысын ұйымдастыру, кезекшілік кестесін жасау, олардың біліктілігін арттыру, кувездер, ИВЛ аппараттары, мониторлар сияқты күрделі құрылғылардың жарамдылығы мен стерильдігін бақылау. Сонымен қатар, дәрі-дәрмек пен стерильді материалдардың есебін жүргізіп, уақытында тапсырыс беріп отырамыз.

Дәрігерлердің тағайындауын орындау, екпе салу, тамызғы қою, зонд арқылы тамақтандыру, реанимациялық шараларға қатысу – күнделікті жұмысымыз-

дың бір бөлігі ғана. Жас аналарға нәресте күтімі, дұрыс емізу, «кенгуру» әдісі туралы кеңес беру де міндетімізге кіреді.

– Жұмыстың қиындығы неде?

– Біздің жұмыс өте үлкен жауапкершілікті, төзім мен сабырды талап етеді. Кейбір нәрестелердің салмағы небәрі 600–1000 грамм болады. Түрлі туа біткен патологиялармен түседі. Біз үшін олардың әр грамм салмақ қосуы, өздігінен тыныс алып, тамақтануы – үлкен қуаныш. Нәрестелерді айлап күтіп, баптаймыз. Эмоционалдық тұрғыдан да ауыр сәттер көп болады. Кейде сәбилердің жағдайы күрт нашарлап, реанимацияға түскенде аналармен бірге уайымдаймыз. Ал жағдайы жақсарып, сәбилер аман-есен сауығып шыққанда, аналардың шынайы алғысын естиміз. Біз үшін ең үлкен марапат – сол аналардың ақ тілегі мен алғысы.

Біздің бөлімге тәулік бойы қырағылық қажет. Нәрестенің жағдайы минут сайын өзгеруі мүмкін. Түнгі кезекшілікте де көз ілмей, монитор көрсеткіштерін бақылап отырамыз. Сонымен қатар, инфекциялық бақылауды өте қатаң сақтаймыз. Себебі, нәрестелердің иммунитеті әлсіз болғандықтан, асептика мен антисептика талаптарының сақталуы олардың өмірі үшін аса маңызды.

–Басқа бөлімдерден қандай ерекшеліктері бар?

– Онда пациенттер өз шағымын айта алады. Ал біздің пациенттер – кішкентай нәрестелер. Олар сөйлей алмайды. Сондықтан біз сәбидің жағдайын аппарат көрсеткіштері, терісінің түсі, тыныс алуы арқылы қадағалаймыз. Өте мұқият болу қажет. Мұны «микро жұмыс» деп айтуға болады. Себебі, барлық процедура өте нәзік денеге жасалады. Сол үшін аса қырағылық пен дәлдік керек.

– Егер балаңыз немесе туыстарыңыз медицина саласын таңдаса, қолдар ма едіңіз?

– Әлбетте. Адам өміріне араша түсетін, сауабы мол бұл мамандық адамды жауапкершілікке, сабырға және тез шешім қабылдауға үйретеді. Әр күн сайын жаңа нәрсе үйреніп, үнемі ізденісте жүресіз. Қызым да менің жолымды жалғады. Ол С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетін тамамдап, кейін резидентурада білім алды. Қазір гастроэнтеролог дәрігер болып еңбек етіп жүр. Қызымның осы саланы таңдағанына қуаныштымын әрі мақтан тұтамын. Сәті түсіп тұрғанда, Алматыдағы барша ақ халатты абзал жандарды кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Еңбектеріңіз еленіп, мерейлеріңіз үстем болсын. Халықтың алғысы мен құрметіне бөленіп, әрдайым амаңдық пен абырой биігінен көріне беріңіздер. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке, жұмыстарыңызға табыс тілеймін!

Сұхбаттасқан Гүлжанат СЕМБАЕВА.

КЕРЕК КЕҢЕС

Көше тағамдарынан абай болыңыз!

Қазір нағыз туристер маусымы. Қяғни Алматыдан мұхит асып, басқа мемлекетке демалуға баратындар да көбейетін, бізге келетін шетелдік меймандардың да ағылатын кезеңі. Мұндай маусымда, әсіресе, жазда ішкен-жегенімізге абай болуымыз керек. Сақтанбасақ, шетелдіктер де бізге ауру әкелуі мүмкін.



Нұржамал
ӘЛІШ

Алматы қалалық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гаухар Қаткенова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте сапарда жүргенде ішек инфекциясы мен ротавирустық инфекцияның алдын алу жолы туралы айтты. Жыл басынан бері шетелге сапарға шығып келгеннен кейін Алматы тұрғындарының арасында ішек инфекциясын жұқтырған 4 адам мен іші өткен 1 науқас тіркеліпті. Ауру жұқтырғандар Тайланд пен Вьетнамнан қайтып оралғандар болып шықты.

Спикердің айтуынша, кейбір науқастар жағдайының нашарлап кеткенін сол



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

елдерде экзотикалық жемістерді жеп, суға түскенде байқамай су жұтып қойғанын көрген. Тағы бірнеше адам ұшар алдында әуежайдан сатып алған тағамнан ұшынған.

«Туристер шөлмектегі судан немесе қайнаған суды ішкені дұрыс. Мұзды пайдаланғанда да абай болған жөн. Экзотикалық тағамдарға сақтықпен қарап, күмәнді көше тағамдарын сатып алмау керек, сондай-ақ шикі балық, ет пен теңіз өнімдерін тұтындан аулақ болған абзал. Қолды мұқият жуып, тазалық жағын қатты қадағалау керек», – деді спикер.

Ал аталған департаменттің аса қауіпті инфекциялар мен туберкулезге эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшысы Жайдаркүл Отарбекова өздерінің холера, сондай-ақ шикі балық, ротавирустық және өзге де ішек инфекциясының алдын алуға қатты көңіл бөліп отырғандарын жеткізді.

Спикер холераны ең қауіпті инфекциялардың бірі дейді. ДДСҰ мәліметінше, биылғы бірінші тоқсанда әлемде холера жұқтырған 51 мыңнан астам адам тіркеліп, 626 адам осы аурудан ажал құшқан. Ауру негізінен Африка мен Азияда көп тараған. Көбіне лас су ішіп,

көкөніс пен жемісті жумай жеп, тазалыққа дұрыс қарамағаннан болады бұл дерт. Мамандар туристерге мұзды да бей-берекет пайдаланбауға, қолды мұқият жуып, жақсы піскен тамақты жеп, көше тағамдарынан бас тарту керектігін айтады. Әсіресе, ластанған су айдынында шомылмаған дұрыс деп отыр.

Сонымен қатар, денеге қызбасының алдын алу мәселесіне де ерекше назар аударылды. Кейінгі жылдары бұл ауру тропикалық және субтропикалық елдерге баратын туристердің арасында көп тіркелген көрінеді. Нақтырақ айтсақ, биылғы бірінші тоқсанда әлемде денеге қызбасын жұқтырған 874 мыңнан астам адам тіркеліп, оның 603-і өліп кеткен. Ең күрделі жағдай Тайланд, Индонезия, Вьетнам, Үндістан, Шри-Ланка, Пәкістан пен Филиппинде байқалып отыр.

Спикердің айтуынша, инфекция негізінен күндіз маса шаққаннан тарайды.

«Денге қызбасының алдын алу үшін туристер репелленттерді пайдаланып, ашық түсті жабық киім киюі, москит торлары немесе кондиционері бар орындарды таңдап, тұрып қалған су жиналатын жерлерден аулақ болуықажет», – деді Жайдаркүл Отарбекова.

Сондай-ақ, дәрігерлер жазда ротавирустық және өзге де ішек инфекциясының алдын алу қажеттігін еске салды.

ШЕШІМ

Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің 2026 жылғы 14 сәуірдегі 01-р шешімі

Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің 2020 жылдың 7 қазандағы №3 «Алматы қаласы Наурызбай ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1. Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің 2020 жылғы 7 қазан-дағы №3 «Алматы қаласы Наурызбай ауданы бойынша сайлау учаске-лерін құру туралы» (Нормативтік құқықтық актідерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №1644 болып тіркелге) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

1) №502, 504, 505, 506, 510, 511, 515, 516, 539, 540, 560, 561, 562, 564, 577, 579, 592, 625, 627, 648, 649, 650, 652, 679, 681, 682, 683, 684 сайлау учаскелерінің шекаралары осы шешімнің 1 қосымшасы-на сәйкес өзгертілсін,

2) осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес жаңадан ашылған №690, 691, 692, 693, 694 сайлау учаскелерімен толықтырылсын.

2. «Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің Аппараты» коммунал-дық мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы шешім ресми жарияланғаннан кейін оны Алма-ты қаласы Наурызбай ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Н.Тоғызбаева
«КЕЛІСІЛДІ»	
Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы	А.Қалықова

Алматы қаласы

Наурызбай ауданы әкімінің 2026 жылғы 14 сәуірдегі

№01-р шешіміне

1-қосымша

Алматы қаласы Наурызбай ауданының сайлау учаскелері
№502 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Қалқаман-2 шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 32-үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№157 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. <p>Шекарасы: Қалқаман-2 шағынауданындағы Әшімов көшесінен бастап, Қалқаман-2 шағынауданындағы Құлыбеков көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Қалқаман-2 шағынауданындағы Тыныбаев көшесіне дейін. Тыныбаев көшесі бойымен оңтүстік бағытта Қалқаман-2 шағынауданындағы Байзақ батыр көшесіне дейін. Байзақ батыр көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Қалқаман-2 шағынауданындағы Қабылбаев көшесіне дейін. Қабылбаев көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Қалқаман-2 шағынауданындағы Арман көшесіне дейін. Арман көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Қалқаман-2 шағынауданындағы Ақтамберді жырау көшесіне дейін. Ақтамберді жырау көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Қалқаман-2 шағынауданындағы Елібаев көшесіне дейін. Елібаев көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Әшімов көшесіне дейін.</p>

№504 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шұғыла шағынауданы, 345/3 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№200 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. <p>Шекарасы: Қала шекарасынан бастап, Абай даңғылының оңтүстік жағымен Сәпожников өзеніне (Ақсай–Қарғалы каналы) дейін. Сәпожников өзенінен (Ақсай–Қарғалы каналы) батыс бағытта Ақжар шағынауданындағы Өтпантау көшесіне дейін. Ақжар шағынауданындағы Өтпантау көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Шұғыла шағынауданындағы Көктерек көшесіне дейін. Шұғыла шағынауданындағы Көктерек көшесінің оңтүстік жағымен қала шекарасына дейін.</p>

№505 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Қалқаман-2 шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 32-үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№157 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. <p>Шекарасы: Сәпожников өзенінен (Ақсай–Қарғалы каналы) бастап Төле би көшесінің оңтүстік жағымен Қарғалы өзенінің арнасына дейін. Қарғалы өзені арнасының батыс жағалауымен оңтүстік бағытта Қалқаман-2 шағынауданындағы Күлбеков көшесіне дейін. Қалқаман-2 шағынауданындағы Күлбеков көшесінің солтүстік жағымен шығыс бағытта Қалқаман-2 шағынауданындағы Әшімов көшесіне дейін. Қалқаман-2 шағынауданындағы Әшімов көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Қалқаман-2 шағынауданындағы Елібаев көшесіне дейін. Қалқаман-2 шағынауданындағы Елібаев көшесінің солтүстік жағымен Солпожников өзеніне (Ақсай–Қарғалы каналы) дейін. Сәпожников өзені (Ақсай–Қарғалы каналы) арнасының шығыс жағымен солтүстік бағытта Төле би көшесіне дейін.</p>

№506 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Қалқаман-2 шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 32-үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№157 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. <p>Шекарасы: Қалқаман-2 шағынауданындағы Қабылбаев көшесінен бастап, Байзақ батыр көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Қарғалы өзенінің арнасына дейін. Қарғалы өзені арнасының батыс жағалауымен оңтүстік бағытта Абай даңғылына дейін. Абай даңғылының солтүстік жағымен батыс бағытта Қалқаман-2 шағынауданындағы Айтей батыр көшесіне дейін. Қалқаман-2 шағынауданындағы Айтей батыр көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Қалқаман-2 шағынауданындағы Арман көшесіне дейін. Қалқаман-2 шағынауданындағы Арман көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Қалқаман-2 шағынауданындағы Қабылбаев көшесіне дейін. Қалқаман-2 шағынауданындағы Қабылбаев көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Байзақ батыр көшесіне дейін.</p>

№510 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Таусамалы шағынауданы, Грозы көшесі, 102-үй, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының меншігі негізінде коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны «№26 қалалық емхана» ғимараты. <p>Шекарасы: Қалқаман-2 шағынауданындағы Қызылқұм көшесінен бастап, Қалқаман-2 шағынауданындағы Кеңесбаев көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Қарғалы өзенінің арнасына дейін. Қарғалы өзенінің батыс жағалауымен оңтүстік бағытта Жандосов көшесіне дейін. Жандосова көшесінің оңтүстік жағымен солтүстік-шығыс бағытта Тауғұл-3 шағынауданындағы Орталық көшесіне дейін. Тауғұл-3 шағынауданындағы Орталық көшеден оңтүстік бағытта Рахат шағынауданындағы «Радуга» бау-бақша қоғамына дейін. Рахат шағынауданындағы «Радуга» бау-бақша қоғамына батыс бағытта Таусамалы шағынауданындағы Сәдуақасұлы көшесіне дейін. Таусамалы шағынауданындағы Сәдуақасұлы көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Таусамалы шағынауданындағы Қонаев көшесіне дейін. Қонаев көшесінің оңтүстік жағымен батыс бағытта Қалқаман-2 шағынауданындағы Қызылқұм көшесіне дейін.</p>

№511 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Құрамыс шағынауданы, Ақселеу Сейдімбек көшесі, 200/3-үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№219 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. <p>Шекарасы: Құрамыс шағынауданындағы «Альмаматер» бау-бақша серіктестігінен бастап, Тауғұл-3 шағынауданындағы Тополева көшесінің оңтүстік жағымен Рахат шағынауданындағы Асқаров көшесіне дейін. Рахат шағынауданындағы Асқаров көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Асқаров көшесіне дейін. Асқаров көшеден батыс бағытта Құрамыс шағынауданындағы «Альмаматер» бау-бақша серіктестігіне дейін. «Альмаматер» серіктестігінен батыс бағытта Қарғалы өзеніне дейін. Қарғалы өзенінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Рахат шағынауданындағы «Радуга» бау-бақша қоғамына дейін. «Радуга» бау-бақша қоғамынан шығыс бағытта Рахат шағынауданындағы «Алатау» бау-бақша серіктестігіне дейін. «Алатау» серіктестігінен солтүстік бағытта Тауғұл-3 шағынауданындағы Орталық көшеге дейін. Орталық көшенің батыс жағымен солтүстік бағытта Карменова көшесіне дейін. Карменова көшесінен оңтүстік бағытта Құрамыс шағынауданындағы «Альмаматер» бау-бақша серіктестігіне дейін.</p>

№515 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Ақжар шағынауданы, Салық Зиманов көшесі, 70-үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№186 Сейділдә Көлбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. <p>Шекарасы: Ақжар шағынауданыдағы Жандосов көшесінен бастап, Ақжар шағынауданындағы Молдағалиев көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Қамысдала көшесіне дейін. Ақжар шағынауданындағы Қамысдала көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Өмірзақов көшесіне дейін. Ақжар шағынауданындағы Өмірзақов көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Әбділдин көшесіне дейін. Ақжар шағынауданындағы Әбділдин көшесінің солтүстік жағымен шығыс бағытта Сәпожниково өзеніне (Ақсай–Қарғалы каналы) дейін. Сәпожниково өзенінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Жандосов көшесіне дейін.</p>

№516 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Ақжар шағынауданы, Салық Зиманов көшесі, 70-үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№186 Сейділдә Көлбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. <p>Шекарасы: Ақжар шағынауданындағы Жандосов көшесінен шығыс бағытта Молдағалиев көшесіне дейін. Ақжар шағынауданындағы Молдағалиев көшесінің батыс жағымен солтүстік бағытта Қамысдала көшесіне дейін. Ақжар шағынауданындағы Қамысдала көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Өмірзақов көшесіне дейін. Ақжар шағынауданындағы Өмірзақов көшесінің батыс жағымен солтүстік бағытта Шлекбаев көшесіне дейін. Ақжар шағынауданындағы Шлекбаев көшесінің оңтүстік жағымен батыс бағытта Молдағалиев көшесіне дейін. Ақжар шағынауданындағы Молдағалиев көшесінің батыс жағымен солтүстік бағытта Байсултанов көшесіне дейін. Ақжар шағынауданындағы Байсултанов көшесінің оңтүстік жағымен батыс бағытта Бекешев көшесіне дейін. Ақжар шағынауданындағы Бекешева көшесінің батыс жағымен солтүстік бағытта Ақкент көшесіне дейін. Ақкент көшесінің оңтүстік жағымен батыс бағытта Төлебеков көшесіне дейін. Төлебеков көшесінің шығыс жағымен оңтүстік бағытта Ақуяш көшесіне дейін. Ақжар шағынауданындағы Ақуяш көшесінің солтүстік жағымен шығыс бағытта Бекешева көшесіне дейін. Бекешев көшесінің шығыс жағымен оңтүстік бағытта Жандосов көшесіне дейін. Жандосов көшесінің солтүстік жағымен шығыс бағытта Молдағалиев көшесіне дейін.</p>

№539 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шұғыла шағынауданы, Кәукен Кенжетәев көшесі, 141/7 үй, Алматы қаласы білім басқармасына қарасты «221 мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. <p>Шекарасы: Шұғыла шағынауданының Жүнісов көшесіндегі 8, 8 корп. 1–11, 10/1–10/12 үйлері.</p>

№540 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Ақжар шағынауданы, Салық Зиманов көшесі, 70 үй, Алматы қаласы білім басқармасына қарасты «Сейділдә Көлбаев атындағы №186 мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. <p>Шекарасы: Жандосов көшесінен солтүстік бағытта қала шекарасына дейін, Ақкент көшесі арқылы шығысқа, Төлебеков көшесінен оңтүстік бағытта Ақуяш көшесіне дейін, Ақуяш көшесінен шығысқа Бекешева көшесіне дейін, Бекешева көшесінен оңтүстік бағытта Жандосов көшесіне дейін, Жандосов көшесінен солтүстік бағытта Ақсай өзеніне дейін.</p>

№560 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шұғыла шағынауданы, 340 А үй, Алматы қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына қарасты «36 қалалық поликлиника» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны. <p>Шекарасы: Жандосов көшесінен солтүстік бағытта қала шекарасына дейін, Ақкент көшесі арқылы шығысқа, Төлебеков көшесінен оңтүстік бағытта Ақуяш көшесіне дейін, Ақуяш көшесінен шығысқа Бекешева көшесіне дейін, Бекешева көшесінен оңтүстік бағытта Жандосов көшесіне дейін, Жандосов көшесінен солтүстік бағытта Ақсай өзеніне дейін.</p>

№561 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Қалқаман-2 шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 32 үй, Алматы қаласы білім басқармасына қарасты «157 мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. <p>Шекарасы: Нұрпейісов көшесінен бастап, Құлбеков көшесінің оңтүстік жағынан шығысқа Қарғалы өзеніне дейін. Қарғалы өзенінің батыс жағынан оңтүстікке Байзақ батыр көшесіне дейін. Байзақ батыр көшесінің солтүстік жағынан батысқа Нұрпейісов көшесіне дейін. Нұрпейісов көшесінің шығыс жағынан солтүстікке Құлбеков көшесіне дейін.</p>

№562 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шұғыла шағынауданы, 345/3 үй, Алматы қаласы білім басқармасына қарасты «200 гимназия мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. <p>Шекарасы: Белжайлау көшесінің оңтүстік жағынан Отпантау көшесіне дейін. Отпантау көшесінің батыс жағынан оңтүстікке Жарапазан көшесіне дейін. Жарапазан көшесінің оңтүстік жағынан шығысқа Нұрғали көшесіне дейін. Нұрғали көшесінен оңтүстікке Әбдіқалықов көшесіне дейін. Әбдіқалықов көшесінің солтүстік жағынан батысқа Бекешева көшесіне дейін. Бекешева көшесінің батыс жағынан оңтүстікке Ақкент көшесіне дейін. Ақкент көшесінің солтүстік жағынан батысқа қала шекарасына дейін.</p>

№564 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Рахат шағынауданы, Құлтөбе көшесі, 1 үй, «Жазкен Жиембаев атындағы Қазақ өсімдіктерін қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты» ЖШС ғимараты. <p>Шекарасы: Хан Тәңірі тұрғын үй кешенінен бастап, Кенесары хандар көшесінің батыс жағынан солтүстікке Қарғалы өзеніне дейін. Қарғалы өзенінің шығыс жағынан оңтүстікке Тәжиев көшесіне дейін. Тәжиев көшесінен оңтүстік-шығысқа Кенесары хан көшесіне дейін.</p>

№577 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шұғыла шағынауданы, 339 үй, Алматы қаласы білім басқармасына қарасты«174-гимназия мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. <p>Шекарасы: «Премьера» тұрғын үй кешені, 1–14 үйлер.</p>

№579 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шұғыла шағынауданы, 340/1 үй, Алматы қаласы білім басқармасына қарасты «184 балабақша» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны. <p>Шекарасы: 340/33 корп. 10, 340/33 корп. 11, 341/2 корп. 1–8, 341/3 корп. 3–9 үйлері.</p>

№592 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шұғыла шағынауданы, 345/3 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№200 мектеп-гимназия» ғимараты. <p>Шекарасы: «Шұғыла» шағынауданындағы тұрғын үйлер: 340/4, 340/4 корпус 1, 340/4 корпус 2, 340/4 корпус 3, 340/4 корпус 4, 340/4 корпус 5, 340/4 корпус 9, 340/4 корпус 10, 340/4 корпус 11, 340/4 корпус 17, 340/8, 340/8 корпус 1, 340/8 корпус 2, 340/8 корпус 3, 340/8 корпус 4, 340/8 корпус 5.</p>

№625 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Райымбек көшесі, 590/5 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№214 жалпы білім беретін мектеп» ғимараты. <p>Шекарасы: Алатау даңғылынан шығыс бағытта Шұғыла шағынауданындағы Дала көшесіне дейін. Шұғыла шағынауданындағы Дала көшесінен оңтүстік бағытта Жақыбаев көшесіне дейін. Жақыбаев көшесі бойымен батыс бағытта Алатау даңғылына дейін.</p>

№627 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шұғыла шағынауданы, 345/3 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№200 мектеп-гимназия» ғимараты. <p>Шекарасы: Алатау даңғылынан Шұғыла шағынауданының батыс жағымен оңтүстік бағытта Абай даңғылына дейін. Абай даңғылының солтүстік жағымен батыс бағытта Құрылыс (Строительная) көшесіне дейін. Құрылыс көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Алатау даңғылына дейін.</p>

№648 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Қалқаман-2 шағынауданы, Әшімов көшесі, 2-үй, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны «№1 қалалық клиникалық аурухана» ғимараты. <p>Шекарасы: Қалқаман-2 шағынауданындағы Әшімов көшесінен бастап, Жуманиязов көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Алты-Алаш көшесіне дейін. Алты-Алаш көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Төле би көшесіне дейін. Төле би көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Айтбаев көшесіне дейін. Айтбаев көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта №4 үйге дейін, одан әрі №4 үйден шығыс бағытта Әшімов көшесіне дейін.</p>

№649 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шұғыла шағынауданы, 339-үй, Алматы қаласы Білім басқармасының коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№174 мектеп-гимназия» ғимараты. <p>Шекарасы: Шұғыла шағынауданындағы Жүнісов көшесінен бастап, Жақыбаев</p>

көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Тарғап көшесіне дейін. Тарғап көшесінен оңтүстік бағытта Сәбденов көшесіне дейін. Сәбденов көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Нұрлы таң көшесіне дейін. Жүнісов көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Жақыбаев көшесіне дейін.
--

№650 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шұғыла шағынауданы, 347/4 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығы» ғимараты. <p>Шекарасы: Шұғыла шағынауданындағы тұрғын үйлер: 340/4 корпус 6, 340/4 корпус 7, 340/4 корпус 8, 340/4 корпус 12, 340/4 корпус 13, 340/4 корпус 24, 340/4 корпус 25, 340/35 корпус 3, 340/35 корпус 4, 340/35 корпус 5, 340/35 корпус 6, 340/35 корпус 7, 340/35 корпус 8, 340/35 корпус 9, 340/35 корпус 10, 340/35 корпус 11, 340/35 корпус 12, 340/35 корпус 13.</p>

№652 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Ақжар шағынауданы, Салық Зиманов көшесі, 70-үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «Сәйділдә Көлбаев атындағы №186 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. <p>Шекарасы: Ақжар шағынауданындағы Бекешева көшесінен бастап Әбдіқалықов көшесінің оңтүстік жағымен Сәпожниково өзеніне (<i>Ақсай–Қарғалы каналы</i>) дейін. Сәпожниково өзенінің (<i>Ақсай–Қарғалы каналы</i>) батыс жағымен оңтүстік бағытта Абділдин көшесіне дейін. Әбділдин көшесінің солтүстік жағымен Дәулеткерей көшесіне дейін. Дәулеткерей көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Байсултанов көшесіне дейін. Байсултанов көшесінің солтүстік жағымен Өмірзақова көшесіне дейін. Өмірзақова көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Шлекбаев көшесіне дейін. Шлекбаев көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Молдағалиев көшесіне дейін. Молдағалиев көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Байсултанов көшесіне дейін. Байсултанов көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Бекешева көшесіне дейін.</p>

№679 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Райымбек көшесі, 590/5 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№214 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. <p>Шекарасы: Алатау даңғылынан шығыс бағытта Райымбек даңғылы бойымен Жуалы көшесіне Шұғыла шағынауданы дейін. Жуалы көшесінен батыс бағытта Алатау даңғылына дейін.</p>

№681 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Райымбек көшесі, 590/5-үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№214 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. <p>Шекарасы: Шұғыла ықшамауданының Дала көшесінен шығыс бағытта Жуалы көшесіне дейін. Жуалы көшесінен оңтүстік бағытта Жақыбаев көшесіне дейін. Жақыбаев көшесінің шығыс жағы бойымен солтүстік бағытта Дала көшесіне дейін. Дала көшесінен солтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін. Райымбек даңғылының оңтүстік жағы бойымен шығыс бағытта Жуалы көшесіне дейін.</p>

№682 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Райымбек көшесі, 590/5-үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№214 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. <p>Шекарасы: Шұғыла ықшамауданының Дала көшесінен шығыс бағытта Жуалы көшесіне дейін. Жуалы көшесінен оңтүстік бағытта Жақыбаев көшесіне дейін. Жақыбаев көшесінен солтүстік бағытта Жақыбаев көшесіне дейін. Дала көшесінен оңтүстік бағытта Жақыбаев көшесіне дейін. Дала көшесінен батыс бағытта Алатау даңғылына дейін.</p>

№683 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шұғыла ықшамауданы, 347/4-үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты. <p>Шекарасы: Алатау даңғылынан Наурыз ықшамауданының Сәбденов көшесінің оңтүстік жағы бойымен батыс бағытта, одан әрі оңтүстік бағытта Мамыр көшесіне дейін. Мамыр көшесінен шығыс бағытта Алатау даңғылына дейін.</p>

№684 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шұғыла ықшамауданы, 339-үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№174 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. <p>Шекарасы: Шұғыла ықшамауданының Көктөберек (Көктерек) көшесінен оңтүстік бағытта №163 үйге дейін, одан №163 үйден батыс бағытта Алатау даңғылына дейін. Алатау даңғылынан батыс бағытта Көктөберек көшесіне дейін. Сонымен қатар, Шұғыла ықшамауданының Байтөлі батыр көшесінен оңтүстік бағытта Еңбек көшесіне дейін. Еңбек көшесінің оңтүстік жағы бой</p>



«Almaty aqshamy» газетіне жазылыңыз!

«Almaty aqshamy» – елдегі ең ірі мегаполистің бас басылымы. Алматылықтарға етене, ел оқырмандарына ортақ газет – қазақ журналистикасының дәстүрлі мектебі мен заманауи ой алаңы. «Ақшам» бетінде Алматы айшықтарымен қатар тұтас елді толғандыратын тақырыптарды таба аласыз. Тұрмыстық мәселелерден тартып, іскерлік ортаға дейінгі тақырыптарға талдамалық, сараптамалық жауаптарды аласыз.

Бізге жазылыңыз!

Алматыдағы өнер мен әдебиеттің, сән мен шоу-бизнесінің соңғы трендтерінен қалыс қалмаңыз!

Басылымға «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді онлайн оқуға болады: aqshamnews.kz
Анықтама үшін телефондар: **8 (727) 248-49-55.**

2026 жылға басылымға жазылу науқаны жалғасып жатыр

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 Жеке жазылушылар үшін:	15503 Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:	95503 Зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін:
1 айға – 835,96 теңге.	1 айға – 1431,83 (қала), 1035,96 (ауыл) теңге.	1 айға – 615,96 теңге.
3 айға – 2507,88 теңге.	3 айға – 4295,49 (қала), 3107,88 (ауыл) теңге.	3 айға – 1847,88 теңге.
6 айға – 5015,76 теңге.	6 айға – 8590,98 (қала), 6215,76 (ауыл) теңге.	6 айға – 3695,76 теңге.
7 айға – 5851,72 теңге.	7 айға – 10022,81 (қала), 7251,72 (ауыл) теңге.	7 айға – 4311,72 теңге.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн-режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі.

Қызмет 24/7 қолжетімді.

ИНКЛЮЗИЯ

Алматыда

«All In» фестивалі өтті

Мегаполис тағы да маңызды әлеуметтік оқиғаның орталығына айналды. Бұл күні «Мега» ойын-сауық орталығының алаңқайында «All In» инклюзивті фестивалі өтті.

Аталмыш мереке қоғамдағы әр адамның теңдігі мен бірегейлігі туралы диалог құруға деген талпынысымен ерекшеленді. Сонымен қатар, инклюзивті жоба аясында ерекше балалар қазақстандық жұлдыздар Зарина Алтынбаева, L дуэті, The Voice мектебі, Динара Ибрагимова және басқалармен қосыла ән салып, өнер көрсетті.

Жобаның бастамашысы, қоғам қайраткері әрі журналист Венера Сәбит «All In» тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл Орталық Азия үшін бірегей формат екенін атап өтті. Ол мұндай жоба ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары үшін де айналасындағылардың қолдауы өте маңызды екеніне назар аударды. Шыны керек, инклюзияны қабылдау және оған қорқынышпен қарау сияқты мәселе мектептерде, тіпті балалардың ойын алаңдарында әлі де кездесетін жасырын емес. Сондықтан ұйымдастырушылар мұндай іс-шаралар қоғамдық сананы жүйелі түрде өзгертуге көмектесетінін баса айтты.

– Мемлекет басшысы ерекшелігі бар адамдарға қолдау көрсетудің ерекше маңызды екенін үнемі айтып келеді. Сондықтан да қоғамда осы мақсаттағы бастамалар қолжетімді бола бастады. Сәтін салса, бұл фестивальді жыл сайын өткізіп, инклюзивті орта құру үшін әсері болады деген мақсатпен жоспарлап отырмыз, – деді Венера Сәбит.

Жобаға жергілікті билік өкілдері қолдау көрсетті. Қалалық мәслихат депутаты және денсаулық сақтау жөніндегі комиссияның төрайымы Айгүл Шалбаеваның айтуынша, қазіргі таңда қалалық Мәслихат мүшесі әкімдігімен бірлесіп жаңа тұжырымдама әзірлеу үстінде көрінеді. Бұл тұрғыда «Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдардың мегаполис өміріне белсене қатысып, оның барлық мүмкіндіктерін пайдалана алуына ұмтыламыз, – деп атап өтті депутат. Бағдарлама барысында ерекше балалар да өнер көрсетіп, үлкен сахналарға шығуға дайын екендіктерін көрсетті.

Рая ЕСКЕНДІР.

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2026 жылғы 2 шілде, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-көше, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынұмарлар, алқалар).

Лоттар саны – 235 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-офис немесе land@ltn.kz электрондық поштасы бойынша 2026 жылдың 15 маусым, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 100 90 10 телефоны** бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2026 жылғы 2 шілде, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынұмарлар, алқалар).

Лоттар саны – 481 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@ltn.kz электрондық поштасы бойынша 2026 жылдың 15 маусым, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 117 90 10 телефоны** бойынша алуға болады.

Алмалы ауданы Ардагерлер кеңесі тыл еңбеккері, Ардагерлер кеңесінің мүшесі Жалпаров Аблимитке жұбайы

КАМИЛАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Атқарушылық іс жүргізу» проблемалар мен жетілдіру жолдары

Құқық үстемдігі қағидаты орныққан мемлекетте сот актілерінің мүлтіксіз орындалуы – заңдылықтың басты кепілі болып табылады. Сот шешімінің заңды күшіне енуі азаматтардың бұзылған құқығын қорғаудың соңғы сатысы болғанымен, оның нақты орындалуы атқарушылық іс жүргізу жүйесінің тиімділігіне тікелей байланысты.

Осыған байланысты атқарушылық іс жүргізу институты құқықтық мемлекеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде ерекше маңызға ие. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, аталған салада бірқатар жүйелі проблемалар сақталып отыр. Бұл өз кезегінде азаматтар мен заңды тұлғалардың құқығы мен заңды мүдделерінің толық көлемде қорғалуына кері әсерін тигізуде.

Атқарушылық іс жүргізудегі негізгі проблемалар – сот актілерінің уақытылы орындалмауы. Қазіргі таңда атқарушылық өндірістердің едәуір бөлігі ұзақ уақыт бойы орындалмай, іс жүргізуде негізсіз созылып жүрген жағдайлар кездеседі. Әсіресе, қарыз өндіру, алимент өндіріп алу, мүлкті босату, сондай-ақ мемлекет кірісіне мүлкті өндіру санаттарында мұндай мәселелер жиі байқалады.

Кейбір жағдайларда борышкерлердің мүлкі үшінші тұлғалардың атына рәсімдеуі, ресми табысын жасыруы немесе активтерін әдейі шығаруы атқарушылық әрекеттердің нәтижелілігін төмендетеді. Сонымен қатар, жекелеген сот орындаушылары тарапынан борышкердің мүлкіне жағдайына толыққанды талдау жүргізілмеуі, тиісті шектеу шараларының уақытылы қабылданбауы да өндірістің созылуына себеп болуда.

Тәжірибеде кейбір атқарушылық іс жүргізулерде нақты нәтижеге қол жеткізудің орнына формальды процессуалдық әрекеттермен шектелу фактілері орын алады. Атап айтқанда, борышкердің мүлкіне тыйым салу, банктік шоттарын бұғаттау, із-дестіру жариялау секілді шаралардың уақытылы қолданылмауы сот актілерінің тиімді орындалуына кері әсер етеді. Мұндай жағдайлар азаматтардың мемлекеттік және атқарушылық органдарға деген сенімінің төмендеуіне алып келеді.

Атқарушылық іс жүргізудің бірыңғай ақпараттық жүйелеріне деректерді қате енгізу мәселесі де өзекті болып отыр. Атап айтқанда, атқарушылық өндірістің санаты мен ішкі санатын дұрыс көрсетпеу, борышкер немесе өндіріп алушы туралы мәліметтердің сәйкессіздігі, шектеу шаралары жөніндегі ақпараттардың уақытылы жаңартылмауы құқықтық салдарға әкелуде. Мұндай кемшіліктер статистикалық есептердің бұрмалануына ғана емес, азаматтардың құқығының негізсіз шектелуіне де себеп болуы мүмкін.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес борышкерге қатысты белгілі бір шектеу шаралары қолданылуы мүмкін. Алайда, тәжірибеде мұндай шараларды негізсіз қолдану немесе керісінше заңсыз алып тастау фактілері де кездеседі.

Әсіресе, Қазақстан Республикасынан шығуға уақытша шектеу қою, көлік құралдарын тіркеуге тыйым салу, банктік шоттарға бұғат қою мәселелері бойынша заң талаптарының сақталмауы азаматтардың конституциялық құқықтарына тікелей әсер етеді.

Көптеген азаматтар атқарушылық іс жүргізу барысында өздерінің құқықтары мен міндеттерін толық көлемде білмейді. Соның салдарынан заңда көзделген шағымдану тәртібі, мерзімдер мен қорғану тетіктері уақытылы қолданылмай отырады.

Атқарушылық іс жүргізу жүйесінің тиімділігін арттыру үшін барлық мемлекеттік ақпараттық жүйелерді толық интеграциялау қажет. Банктік, мемлекеттік кірістер органдары, жылжымайтын мүлік, көлік және өзге де тіркеу жүйелерімен жедел ақпарат алмасу тетіктерін күшейту өндіріп алу рәсімдерін айтарлықтай жеделдетеді.

Атқарушылық іс жүргізу барысында заң талаптарын бұзу, әрекетсіздік таныту немесе қызметтік міндеттерді тиісінше орындамау фактілері бойынша тәртіптік жауапкершілік шараларын күшейту қажет. Сонымен қатар, әрбір атқарушылық өндіріс бойынша нақты нәтижеге бағытталған бақылау тетіктері қалыптастырылуы тиіс.

Заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті органдар тарапынан тұрақты мониторинг пен тексеру жүргізу маңызды. Әсіресе, шектеу шараларын қолдану, өндірістерді тоқтату немесе қысқарту кезінде бақылау тетіктері күшейтілуі қажет.

Қоғам арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу – уақыт талабы. Азаматтарға атқарушылық іс жүргізу саласындағы құқықтары мен міндеттерін түсіндіру құқықтық мәдениетті арттыруға ықпал етеді.

Атқарушылық іс жүргізу жүйесінің тиімділігі – мемлекеттің құқықтық деңгейін айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Сот актілерінің уақытылы және толық орындалуы азаматтардың заңға және мемлекетке деген сенімін нығайтады.

Осыған байланысты атқарушылық іс жүргізу саласында ашықтықты қамтамасыз ету, цифрландыруды жетілдіру, бақылау тетіктерін күшейту және заң талаптарының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Заң үстемдігі орнаған қоғамда сот шешімі тек қабылданып қана қоймай, нақты әрі толық орындалғанда ғана әділдік қағидаты толық жүзеге асады.

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі
комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.**

#заң_және_тәртіп



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел.: тел.: 248-49-55. E-mail:
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 100.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № КЗ17VPY00085956 күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



БІЗ ЕКЕУМІЗ

немесе ұзақ жыл отасудың сыры неде?

Алматының Медеу ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен Халықаралық отбасы күніне орай, арысы – 70, 60, берісі 50 жыл отасып келе жатқан үбірлі-шүбірлі, өнегелі де үлгілі ерлі-зайыптылар мен жастар арасында тағылымды кездесу өтті.

45 жылда жұбайлар «сапфир тойын» тойлайды екен. Қазақстанның құрметті құрылысшысы, «Құрмет» орденінің иегері Алмас Тілеубаев пен Гүлсара Алтынбекова осынша жыл қол ұстасып келе жатыр. Бақытты ата-әже.

Кештің жүргізушісі, белгілі журналист Жазира Бегалы меймандарды «Сезімге, сенімге сызат түсірмей, бір шаңырақ астында ұзақ жыл бірге тұрудың сыры неде?», «Отбасында ер адамның рөлі қандай болу керек? «Сіздер үйде келіспеушілік туындаған жағдайда қалай шештіңіздер?», «Сіздің кезіңізде мәхр деген болды ма, осы ұғымға қалай қалай қарайсыз, сіз еріңізден мәхр сұрап па едіңіз?», «Өнегелі ұрпақ өсіру, абыройлы қызмет етудің, үйдің де, түздің де жұмысын ақсатпай қатар алып жүрудің құпиясы қандай?», «Өнегелі ұрпақ өсіру, абыройлы қызмет етудің, үйдің де, түздің де жұмысын ақсатпай қатар алып жүрудің құпиясы қандай?» сынды сұрақтармен ашық әңгімеге жетелеп отырды.

Ғұмыры бір кітапқа арқау болатын, жұбайлық өмірде ешқашан әңгімесі таусылмаған, сезімі, сенімі аласармаған ардақты, аяулы қарияларымыз отбасын сақтаудың сыры – сабыр, сыйластық, түсіністік пен кешірімділік екенін айтып, өмірлік тәжірибесін бөлісті. Олар адалдық пен жауапкершіліктің маңызын түсіндіріп, отбасы берекесінің негізі – өзара құрмет екенін ерекше атап өтті.

Тоқсанның төріндегі Сарбас Ақтаев ақсақал Ғайнижамал бәйбішесіне деген құрметін көпшілік алдында білдіріп, өлеңін де оқып берді.

Шаңырағымның шырағы,
Шабытымның пырағы.
Өмірімнің жыр-әні,
Көңілімнің шуағы.
Ырысымның бұлағы,
Тұрмысымның тұмары.
Сен аз уақыт болмасаң,
Үйім қаңырап тұрады.
Бар бақыттың сенсің,
Жаным тұрағы!

✓ МЕЙМАН МІНБЕРІ

СЕЗІМ ЖӘНЕ СЕНІМ

Ғайнижамал ЖӘНІБЕКОВА, жарымен отасқанына 67 жыл:

– Байқауымша, қазіргі ерлі-зайыптылардың арасында «өз ақшамды өзім ұстап, өзім жұмсауым керек» дейтіндер кездеседі. Олай мүлдем дұрыс емес. Өмірлік боламыз деп бас құрағандықтан, екі жаққа тартпай, қаражатты да екеуіңіз бірге ақылдасып жұмсап, ортақ ұстап, бір-біріңізге ашық, сенімді болған жерде бірлік, татулық болады. Біз – аталарыңыз екеуіміз отбасындағы кішігірім деген мәселенің өзін ақылдасып шешетінбіз. Бір-бірімізге сүйеніш бола білдік. Шаңырақтағы береке-бірліктің діңгегі – өзара түсіністікте, сыйластықта.

Рахымхан НҮПТЕКЕЕВ, зайыбымен жарасым тапқанына 50 жыл:

– Бүгінгі жастарға айтарым – отбасын құру оңай, ал оны сақтау – үлкен еңбек. Кез келген мәселені сабырмен шешіп, бір-біріне сенім арта білу керек. Сонда ғана отбасы берік болады. Бақыттың кілті – қарапайым ғана сыйластықта. Шаңырақ болғасын ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Ұрыс-керісті ушықтырмау үшін, егер бірі ашуланғанда, екіншісі төмен түсе қоюы керек. Ал ер адамның сыртқа шығып кетіп, ашуын суытып келгенінің өзі талай келіспеушіліктің алдын алады. Мұндайда сабыр – ең үлкен дос дегім келеді жастарға.

Гүлсара АЛТЫНБЕКОВА, жарымен отасқанына 45 жыл:

– Шынайы сезім кез келген қиындықтан алып шығады. Бірге ұзақ өмір сүрудің сыры – ерлі-зайыптының бір-біріне деген махаббаты, құрметі, мейірімі және қамқорлығы риясыз болуы керек. Және айтарым, әйел адам ерінен әрдайым бір саты төмен тұрғаны абзал. Қандай қызметте жүрсеңіздер де, түзден отбасына оралғанда, мансап-лауазымды табалдырықтың сыртында қалдырып, үйде тек ерлі-зайыпты болуыңыз керек. Қызмет мәңгілік емес, сыйластық қана мәңгілік. Өзара татулық, құрмет, биік махаббат салтанат құрған шаңыраққа ғана бақыт ұялайды.

Дүние жүзінде ең ұзақ жыл отасқан Джон мен Шарлотта Хендерсондар екен. АҚШ тұрғындары 2019 жылы осы рекордпен тіркелген кезде бірге өмір сүрген уақыты 80 жылдан асыпты. Ал бізде әзірге мұндай ресми дерек жоқ көрінеді.

Елімізде былтыр 115 мың неке заңдастырылса, 45 700 шаңырақ шайқалған деген

дерек бар. Бұл кездесу жастарды адал жартуға, бір-бірін құрметтей білуге, қиындықтар кездесе қалған жағдайда оны шешу жолын бірге іздеуге, жарасымды ғұмыр кеше білуге үндегені анық. Кешке жиналған жастар ұзақ және ғибратты өмір сүрудің үлгісін көрсеткен кейіпкерлерімізбен, яғни қарияларымызбен естелік суретке түсіп тарқасты.



Нұржамал ӘЛІШ



Екі буынның жүздесуі үйреншікті ресми форматта емес, еркін әңгіме, ашық пікір алмасу, тәрбиелік мәні бар диалог-сұхбат түрінде көрініс тапты. Тағы бір қуантқаны – жиналған жастар қарасы көп болды.

«Отбасылық ұзақ ғұмырдың даналығы» деп айдар тағылған іс-шараның негізгі мақсаты – жастар арасында отбасы құндылығын дәріптеу, ұрпақ сабақтастығын насихаттау және өнегелі отбасылардың өмір жолын үлгі ету.

Әдемі кештің шымылдығын ашқан Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаев өзара құрмет, сенім мен махаббаттың үлгісін көрсетіп, жас ұрпаққа бағыт-бағдар беріп келе жатқан аға буынға алғысын білдірді.

67 жыл бірге ғұмыр кешіп, үш перзент, жеті немере, екі шөбере сүйген абыз ақсақал, аңыз адам, журналист, аудармашы, Қазақстанның құрметті жазушысы, 92 жастағы Сарбас Ақтаев пен жары Ғайнижамал Жәнібекова. Олар 1959 жылы отау құрған.

Ал 50 жылдан астам уақыттан бері ешқашан жұбы жазылмаған Рахымхан Нүптекеев пен Ұлжан Тоқтасынова 1974 жылы отау құрған. Олар да ұл-қызын аяқтандырған бақытты ата-ана.

Саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған Нүсіпәлі Тілепбергенов пен Бейбітжан Нүсіпова да бүгінгі күні ұл-қызы алақанына салып әлпештеп отырған бақытты жандар.

Әлем жұртшылығы жыл сайын 15 мамырда Халықаралық отбасы күнін атап өтеді. Бұл күн – отбасы құндылықтарын дәріптеп, ұрпақ тәрбиесіндегі ата-ананың рөлін айқындайтын ерекше күн. Әрі мемлекеттердің түбірі, қоғамның негізгі ұйытқысы болған басты құндылыққа назар аударуға шақыратын күн.

ОТБАСЫМ – ОРДАМ, орманым!

арқылы әлем елдерін отбасы құндылығына назар аударып, адамзатқа ортақ құндылықты қорғау, отбасыларға жағдай жасауға бағытталған.

Отбасы – адам өміріндегі ең алғашқы тәрбие мектебі, рухани құндылықтардың қайнар көзі, қоғамның берік тірегі. Халқымыз ежелден ақ отбасының рөлін «Отан – отбасынан басталады» деп нақтылап қой-

ған. Шындығында, адамның мінез-құлқы, дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы ең алдымен отбасында қалыптасады емес пе? Әке – отбасының қорғаны, ана – шаңырақтың шуағы, ал бала – сол шаңырақтың болашағы.

Қазіргі қоғамда да отбасы құндылықтарын сақтау, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. Заманауи технологиялар мен қарқынды өзгерістер кезеңінде балалардың тәрбиесіне уақыт бөліп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру – әр ата-ананың жауапкершілігі. Мейірім, сыйластық, қамқорлық пен

түсіністік бар жерде ғана отбасының іргесі берік болады.

Сондықтан бұл күнде жақын адамдарға көңіл бөліп, отбасының маңызын тағы бір рет сезінуге мүмкіндік беретін ерекше сәт екенін естен шығармаған жөн. Бұл күні көптеген елдерде мәдени, тәрбиелік іс-шаралар, кездесулер мен акциялар ұйымдастырылады. Сол арқылы адамдарға жылылық пен мейірім көзі болған отбасын қадірлеуге шақырады.

Рая ЕСКЕНДІР.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

